Таким образом, получена зависимость между напряжением и параметром прогиба вида:

$$P = P_{kp} + M \zeta^2. \quad (11)$$

Список использованной литературы:

1. Коксалов К.К. Устойчивость эллипсоидальной литосферной оболочки. – Алматы.: РИО ВАК РК, 1999. -190 с.
2. Ланцош К. Вариационные принципы механики. – Физматгиз.: 1965. -411 с.

ӘОЖ 372.851
МРНТИ 27.01.45

Ұ.Б. Рсалды¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатиканың «Математика» мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

САЛУ ЕСЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЫҒАРУ АЛГОРИТМІ

Аңдатпа

Салу есептері оқушылардың геометриялық білімдерін толығымен қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Геометриялық салуларды орындау процесі кезінде оқушылар геометриялық фигуралар және олардың арасындағы қатынастар қасиеттерімен танысады, сызбалық құралдарды қолдануды үйренеді, графикалық дағдыларды қалыптастырады.

Мақалада математикалық есептерді жіктеудің түрлері, соның ішінде салу есептері, салу есептерін оқытудың кезеңдері қарастырылған. Мұғалім геометриялық фигураның сызбасын дайын күйде көрсетпей, оның салу жолдарын көрсету керек. Оқушы мұғалімнің салу есептерін неден бастағанын, қандай құрал-жабдықтар пайдаланғандығын бақылай отырып, сызу өнері туралы мәлімет алады. Салу есептерін шығарудың алгоритмі бойынша жүйелі жұмыс істеу оқушыларға геометрия пәнінен тыңғылықты, сенімді және сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Сондықтан салу есептеріне лайықты көңіл бөлінуі керек.

Түйін сөздер: Геометриялық салулар, салу есептері, сызғыш, циркуль, алгоритм, нүктенің геометриялық орны.

Аннотация

У.Б. Рсалды¹

¹ магистрант специальности «Математика» Института Математики, физики и информатики при КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ЗАДАЧИ НА ПОСТРОЕНИЕ И АЛГОРИТМ ИХ РЕШЕНИЯ

Задачи на построение являются важным инструментом для полного формирования геометрических знаний учеников. В процессе выполнения геометрических построений ученики знакомятся геометрическими фигурами и свойствами их соотношений, учатся использовать графические инструменты, формируют графические навыки.

В статье предусматривается классификация типов математических задач, в том числе задачи на построение, этапы обучения задач на построение. Учитель должен показать пути их построения, не показывая в готовом виде чертеж геометрических фигур. Ученики должны ознакомиться с искусством чертежа, наблюдая за учителем, за ходом построения фигур в задачах, применяя определенные принадлежности. Работа с учениками на задачи для построения дает надежное, высокое качество образования. Поэтому должно быть уделено достаточное внимание на задачи построения.

Ключевые слова: Геометрические построения, задачи на построение, линейка, циркуль, алгоритм, геометрическое место точек.

Abstract

TASKS ON CONSTRUCTION AND ALGORITHM FOR THEIR SOLUTION

Rsaldy U.B.¹

¹Student of Master Programme in Mathematics of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

Tasks for construction of an important tool for the complete formation of the geometrical knowledge of pupils. During execution of geometrical construction pupils will become familiar geometric figures and properties of their relations, to learn to use graphic tools, graphic generates skills.

The article provides a classification of types of mathematical tasks, including tasks on construction, learning stages of tasks on construction. The teacher must show the way of their construction, but must not show in the finished form of drawing of geometric figures. Pupils must get acquainted with the art of drawing, by observing teacher, the course of figure constructions in tasks using defined accessories. Work with pupils on tasks for the construction provides secure, high-quality education. Therefore, must be given to enough attention to the tasks on construction.

Keywords: Geometric construction, tasks on construction, ruler, compasses, algorithm, geometric place of points.

Математикалық есептерді құрылымы және проблемасына қарай жіктеуден басқа да жіктеу түрлері бар. Олар: объектінің сипатына қарай, математикалық мағынасына қарай, шығару тәсіліне қарай, қойылатын талаптардың сипатына қарай және тіліне байланысты болып бөлінеді. Соның ішінде, талаптың қойылымына қарай математикалық есептер: есептеуге, зерттеуге, түрлендіруге, құрастыруға, дәлелдеуге және салуға берілген есептер болып бөлінеді. Біз соның ішінде салу есептеріне тоқтала кетейік [1].

Оқушыларды геометриялық салуларға оқытудың екі мақсаты бар: геометриялық салуларды орындай алу және салуға берілген есептерді шеше алу. 7 сынып геометриясында басты көңіл аударған мәселе – қарапайым салуларды оқушыларға орындатқыза білу және осы теорияны негізгі ұғымдарды қалыптастырғанда бекіте түсу: түзулердің параллельдігі мен перпендикулярлығы, үшбұрыштағы бұрыштар, түзуге қатысты симметрия, және т.б. Салу есептері – математиканың әрі қиын, әрі қызық бөлімі. Осындай есептердің шешімі қолмен салынған салудың сызылғаннан құралмайды, ол есепті шешудің алгоритмін табуда, яғни есептің шешімін бұрыннан белгілі стандарт салулармен іздестіріп сипаттау. Салу есебінің шартында геометриялық фигураны салу талап етіледі. Фигураны салумен есеп шешілді деуге болмайды. Есепті шешу үшін есептің мазмұнын мұқият түсініп, берілген және салынатын фигуралардың арасындағы байланысты ескере отырып, фигураны қалай салуға болатынын біліп алу керек. Салуды неден бастаймыз, алдымен нені саламыз, одан соң нені саламыз, тағы сол сияқты. Оқушылар салу есептерін орындағанда үлкен қиындықтарға душар болады. Мәселе, мектептегі геометриялық салуды оқыту әдістемесі екі мәселені ғана көздейтіндігінде: берілген есепті шешу және онымен қоса оқушыларды жалпы салуға берілген есептерді шешуге үйрету, яғни оларды есеп шешуді жалпылай қарастыруы, ізделінді фигураны талдай отырып, талқылаулар мен ұсыныстар нәтижесінде есеп шешімі ізделінетінін көрсету. Бұл екінші мәселе өте күрделі және оның орындалуы мұғалімнің зор еңбегін талап етеді. Әсіресе, негізгі мектепте, себебі оқушылар салу есептерімен бірінші рет танысады. Көптеген жағдайларда есеп шығару сатыларын іздеу оқушылар үшін әрі зерттеу, әрі кішігірім жаңалық ашумен тең. Салу есептерін шешудің тағы бір қиындығы – есептең шешімін іздеу ұзақ әрі күрделі үрдіс және ол оқушыдан үлкен ынта мен жігерді талап етеді.

Салу есептерін шешуде көбінесе сызғышты пайдаланып:

- 1) берілген нүкте арқылы өтетін түзулерді жүргізуге болады;
- 2) берілген екі нүкте арқылы түзу жүргізуге болады;
- 3) кез келген түзуді жүргізуге болады;

Осылардан басқа ешқандай салу жұмыстарын орындауға сызғыштың мүмкіндігі жоқ.

Циркульді пайдаланып:

- 1) берілген нүктені центр етіп алып, радиусы берілген кесіндіге тең шеңбер салуға болады;
- 2) берілген кесіндіге тең кесінді салуға болады.


Әдетте, салуға берілген мұндай есептерді төрт бөліктен тұратын алгоритммен шығарады: талдау, салу, дәлелдеу, зерттеу. Алдымен, есепті шықты деп алып, ізделінетін фигураның суретін құралсыз, қолдан салып, есептің берілгендері мен ізделінетін элементтердің арасындағы байланысты табады. Сөйтіп шығарулары белгілі қарапайым есептерге тірейді. Бұл – есептің шығару жоспарын құруға мүмкіндік береді. Шығарудың бұл бөлігін талдау дейді. Содан кейін, белгіленген жоспар бойынша сырғыш пен циркульдің көмегімен салу жұмысын орындайды. Осыдан кейін салынған фигура есептің барлық шартын қанағаттандыратынын дәлелдеу керек. Ең соңында, белгілі теоремаларға сүйеніп, есептің шешімі қандай жағдайда болады немесе болмайды, болса неше шешімі болады, осыны зерттеу керек. Есепті шығарғанда талдау, салу және зерттеу – неғұрлым маңызды кезеңі болып саналады. Дәлелдеу, көбінесе, талдау мен салудан шығады [2].

Математикаға бейімі бар балаларға салуға берілген есептерді толық алгоритммен шығарғандары дұрыс. Егер оқушыларды алгоритм бойынша есеп шығаруға үйретсе, онда есептерді шығару жеңіл болады. Үшбұрыштарды салуға берілген есептерді шығару үлгілерін көрсетейік.

1-есеп. Екі бұрышы және оларға қарсы жатқан қабырғалардың қосындысы бойынша үшбұрыш сал.


Берілген: α, β бұрыштар $a + b$ - осы бұрыштарға қарсы жатқан қабырғалардың қосындысы (1-сурет).

Салу керек: $\triangle ABC$.




Сурет 1

Талдау. $\triangle ABC$ салынсын деп алайық, мұнда $\angle A = \alpha$, $\angle B = \beta$ (2-сурет).



Сурет 2

$|AC|=b$, $|BC|=a$ болсын. Сонда $|AC|+|BC|=a+b$ болады. AC қабырғасын C нүктесінен ары қарай созып, $|CD|=|BC|=a$ болатындай CD кесіндісін саламыз. Онда $|AD|=a+b$ (3-сурет).



Сурет 3


ABC үшбұрышының C төбесіндегі $\angle BCD$ - сыртқы бұрышы $\angle BCD = \alpha + \beta$, $\triangle BCD \Rightarrow \angle CDB = \angle DBC = \frac{180^\circ - (\alpha + \beta)}{2}$ қабырғасының m орта перпендикуляры BCD үшбұрышының C төбесінен өтеді.

Салу. 1) түзу бойына $|AD|=a+b$ кесіндісін саламыз.

2) AD сәулесінің D төбесінен $\angle D = \frac{180^\circ - (\alpha + \beta)}{2}$ бұрышын өлшеп саламыз.

3) AD сәулесінің A төбесінен $\angle A = \alpha$ бұрышын өлшеп саламыз.


4) Екі сәуле B нүктесінде қиылысады (4-сурет).




Сурет 4

5) BD кесіндісінің m орта перпендикулярын жүргіземіз: $[AD] \cap m = C$ (5-сурет).

6) $\triangle ABC$ - ізделінді үшбұрыш (6-сурет).



Сурет 5



Сурет 6

Дәлелдеу. Шыққан $\triangle ABC$ есептің барлық шарттарын қанағаттандырады:

1) $\angle A = \alpha$ - салуымыз бойынша;

2) $\angle BCD$ - теңбүйірлі, себебі m орта перпендикуляр, ал $C \in m$.

$$\angle D = \angle CBD = \frac{180^\circ - (\alpha + \beta)}{2} \Rightarrow \angle BCD = 180^\circ - 2 \cdot \angle CBD = 180^\circ - 2 \frac{180^\circ - (\alpha + \beta)}{2} =$$

$$= \alpha + \beta \Rightarrow \angle ABC = \beta.$$


$$3) |AD| = |AC| + |BC| = a + b.$$

Зерттеу. Егер берілген бұрыштардың қосындысы 180° -тан аз болса, есептің шешімі жалғыз ғана болады.

Мектепте қарастырылатын салу есептері әдістерінің бірі – нүктелердің геометриялық орындарының әдісі. Мұғалім геометриялық фигураның сызбасын дайын күйде көрсетпей, оның салу жолдарын көрсету керек. Оқушы мұғалімнің салу есептерін неден бастағанын, қандай құрал-жабдықтар пайдаланғандығын бақылай отырып, сызу өнері туралы мәлімет алады. Енді нүктенің геометриялық орындары әдісімен шығарылатын есептерге бір мысал келтірейік.

2-есеп. Белгілі a қабырғасы, A бұрышы және $BA^2 + CA^2 = k^2$ шарты бойынша, мұндағы k – берілген кесінді, $ВАС$ үшбұрышын салу керек.

Шешуі. Талдау. ABC үшбұрышы салынған деп жорық (7-сурет). Шарт бойынша $BC = a$, олай болса, іздеп отырған үшбұрышымыздың B мен C төбелері берілген $BC = a$ қабырғасының ұштары болады да, оларды салуға оңайға түседі. Сөйтіп, үшбұрышты салу төмендегі екі шартты қанағаттандыратын A нүктесін салумен бітеді.



Сурет 7


1) Ол нүктеден берілген BC кесіндісінің ұштарына дейінгі қашықтықтары квадраттарының қосындысы k^2 -қа тең, яғни бұл нүкте, центрі BC қабырғасының ортасында жатып, радиусы

$$r = \frac{1}{2} \sqrt{2k^2 - a^2}$$

болатын $O(r)$ шеңберінде жатуы тиіс.


2) A нүктесінен BC кесіндісі A бұрышпен көрінеді, яғни ол, BC кесіндісіне салынып A бұрышын сыйғызып тұрған сегменттің доғасында жатады.

Салу. 1. $r = \frac{1}{2} \sqrt{2k^2 - a^2}$ саламыз (8-сурет). Ол үшін қабырғасы k квадраттың LM диагоналына, диаметр ретінде алып, шеңбер саламыз, сонан соң $L(a)$ шеңбері мен NLM үшбұрышын саламыз. Үшбұрыштың NM катетін қақ бөлсек, $r = MP$ болып шығады.



Сурет 8

2. Нүктенің геометриялық орнын, яғни $D(r)$ шеңберін саламыз, мұндағы D – BC -ның ортасы (9 сурет).



Сурет 9

3. BC кесіндісін табаны ретінде алып, сол кесінді А бұрышынан көрінетін 2) нүктенің геометриялық орнын саламыз.

4. Салынған нүктенің геометриялық орнымен қиылысу А нүктесін белгілейік. Сонда ABC үшбұрышы – іздеп отырған үшбұрышымыз.

Дәлелдеуі оңай болғандықтан оны қарастырмаймыз.

Зерттеу. Егер $2k^2 - a^2 > 0$, яғни $a < k\sqrt{2}$ және $0^\circ < A < 180^\circ$ болса, онда 1-3 салулар орындалады және біркәнді болады.[3]

Осы келтірілген алгоритм бойынша жүйелі жұмыс істеу оқушыларға геометрия пәнінен тыңғылықты, сенімді және сапалы білім алуға мүмкіндік береді деп есептеймін.

Салу есептерін шешу әдісін қосымша үйрету, сонымен бірге мектептегі планиметрияның барлық бөлімдерін қайталауға мүмкіндік беріп, көптеген жағдайда өз білімін саналы түрде тереңдетеді, сонымен қатар салу есептері барысында:

- оқушылардың практикалық іс-әрекеті, мәдениеті дамиды;
- салу, сызу техникасы жоғарылайды;
- есептің шартын, шығарылуын талдау жеңілдейді;
- пән ішінде геометрия және алгебра, сызу байланыстары жүзеге асады.

Салу есептері оқушылардың ойлауын дамытады, өз іс-әрекетін, тәртібін дәлелдей білуге үйретеді. Сондықтан салу есептеріне лайықты көңіл бөлінуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2014.
2. Блинков А.Д., Блинков Ю.А. Геометрические задачи на построение. – М.: МЦНМО, 2014. – 152 с.
3. Назаретский В.Е., Федин Н.Г. Элементар геометриядан есептік-практикум. – Алматы, 1972. – 171 б.

UDC 519.63
CSCSTI 27.35.23

Seitbekova E.S.¹, Imankulov T.S.²

¹Student of Master Programme in Information Technologies at Al-Farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan

² PhD, Al-Farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan

USING GAUSSIAN MODEL FOR CHANGEABLE WIND CONDITIONS IN ALMATY, KAZAKHSTAN

Abstract

This work describes one of the most serious problems in the world air pollution. According to the basic mathematical models and its features, was chosen Gaussian model. Two methods of improving the model is considered, first one is numerical method, the second one the Gaussian equation is split to series of two dimensional Gaussian distribution puff. All results of the predicted values were visualized using C# and surfer. Windows Forms and showed on the map of the city. These methods can apply to predict the concentration of nitrogen dioxide (NO₂) and carbon dioxide (CO₂) in the air. The results obtained can be widely applied in further scientific research, namely, in the determination of the distribution of the concentration of various pollutants in the atmosphere.

Key words: modeling, air pollution, Gaussian distribution, meteorological data.

Аннотация

Е.С. Сейтбекова¹, Т.С. Иманкулов²

¹магистрант по специальности «Информационные технологии»

Казахского национального университета им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

²PhD доктор Казахского национального университета им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

ГАУССОВАЯ МОДЕЛЬ ПЕРЕМЕНЧИВОГО ВЕТРА В АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН

В данной работе описывается одна из серьезных проблем в мире – загрязнение атмосферы. Для моделирования распределения загрязняющих веществ была выбрана Гауссовская модель. В работе были рассмотрены методы улучшения модели и алгоритм определения уровня загрязненности. Рассмотрен численный метод решения задачи на основе метода конечных разностей. Все результаты были продемонстрированы на визуализаторе серфер и показаны на карте города Алматы. С помощью данных алгоритмов могут быть найдены распределение концентрации диоксида азота (NO₂) и диоксид углекислого газа (CO₂) в воздухе. Полученные результаты могут быть широко применены в дальнейших научных исследованиях, а именно в нахождении распределения концентрации различных загрязняющих веществ в атмосфере.

Ключевые слова: моделирование, загрязнения атмосферы, распределение Гаусса, метеорологические данные.

Аңдатпа

Е.С. Сейтбекова¹, Т.С. Иманкулов²

АЛМАТЫДАҒЫ ҚҰБЫЛМАЛЫ ЖЕЛ ЖАҒДАЙЛАРЫ ҮШІН ГАУСС МОДЕЛІ

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰПУ, «Ақпараттық жүйелер» мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы ҚазҰПУ, PhD докторы, Алматы қ., Қазақстан

Ұсынылып отырған жұмыс әлемдегі маңызы зор мәселелерінің бірі – ауаның ластануын сипаттайды. Ластандырғыш зат тектерінің үлестірімін модельдеу үшін Гаусс үлгісі тандалды. Жұмыста үлгінің жетілдіру әдістері қарастырылған және ауаның ластану деңгейін болжайтын алгоритм ұсынады. Қойылған есепті шешу үшін ақырлы-айырылымдар схемасы негізінде сандық әдіс қарастырылған. Барлық нәтижелер серфер бағдарламасында көрнекіленген және Алматы қаласының картасында көрсетілген. Осы алгоритмдардың көмегімен азот диоксидінің (NO₂) және көміртегі диоксидінің (CO₂) концентрацияларының таралуы болжануы мүмкін. Алынған нәтижелерді атмосферадағы ластандырғыш заттардың концентрациясының таралуын зерттейтін ғылыми-зерттеу жұмыстарында кеңінен пайдалануға болады.

Түйін сөздер: модельдеу, атмосфераның ластануы, Гаусс үлестірімі, метеорологиялық мәліметтер.

Introduction. During the long time the main environmental problem of Almaty is air pollution. One of the reasons of the pollution is geographical features and meteorological conditions of the city which lead to air pollution. Almaty is located on the board valley closed on three sides by the mountains, which prevents to impurity dispersion. The main reason of calm wind is mountain ranges which affect to air mass transportation from north. Moreover, the poorly planned and ill-conceived construction of the city prevents to horizontal air mass transportation. And also there are a lot of sources of air pollution includes automobiles, combustion of solid fuels, heating, poor environmental regulation and poor maintenance of vehicles. The following figure shows the percentage of air pollution sources in Almaty.




Figure 1. Statistical data of the Department of Statistics of the city of Almaty 2015

Air quality portals which give information of the current air quality in the country as well as background

information about air pollutants, health effects and legislations:

- 1) Geographical portal for air quality monitoring of the Kazhydromet: <http://www.atmosfera.kz/>
- 2) RACISM and Environmental Protection Centre (ETC) Ust-Kamenogorsk: <http://cebuk.kz>
- 3) Kazakh agency of applied ecology (KAAE) <http://www.kape.kz>
- 4) Eco posts of Almaty
- 5) Monitoring of air quality in Almaty – AUA <http://www.almatyurbanair.kz/>

Kazakhstan's environmental situation is at a critical crossroad – where the pressures of economic growth without adequate environmental controls and the legacy of industrial production are beginning to take their toll on society in terms of health. In addition, Kazakhstan, would like to promote itself as a modern and resourceefficient economy that is worthy of top international standing. In response, a series of proactive planning has emerged through such strategic initiatives as the Green Economy Concept (2013) with its accompanying actions that aim to reduce the ecological footprint of economic activities, promote sustainable economic growth and place Kazakhstan on a cleaner and greener development path.

Almaty is crowned the 9th dirtiest city in the world, though Baku, the capital of Azerbaijan, wins, according to Mercer Human Resource Consultant's 2007 Health and Sanitation Rankings. Geographical features and meteorological conditions of Almaty are one of the reasons which lead to Almaty's air pollution, although they are not the main.

Modeling air pollution diffusion. Numerical models of atmospheric dispersion have now turned into an unpredictable mix of climate and territory data and scattering comparison. Some comprise of arrangement of modern mathematical statements about meteorology, topography and so forth. Regardless of how well the model is produced or modern to cover every one of the conditions, some models are simplified, however they are successful.

The commonly used method of modelling air pollutant dispersion is represented by a differential equation, which expresses the rate of change of pollutant concentration in terms of average wind speed and turbulent diffusion. Mathematically this process is derived from the mass conservation principle. The basic diffusion equation used in air quality modelling is given by:

$$\frac{\partial C}{\partial t} = -\left(u \frac{\partial C}{\partial x} + v \frac{\partial C}{\partial y} + w \frac{\partial C}{\partial z}\right) + \frac{\partial}{\partial x} K_x \frac{\partial C}{\partial x} + \frac{\partial}{\partial y} K_y \frac{\partial C}{\partial y} + \frac{\partial}{\partial z} K_z \frac{\partial C}{\partial z} + Q + R \quad (1)$$

where C – pollutant concentration; t – time, x, y, z – position of the receptor relative to the source; u, v, w – wind speed coordinate in x, y and z direction; K_x, K_y, K_z – coefficients of turbulent diffusion in x, y and z direction; Q – source strength; R – sink (changes caused by chemical reaction).

Gaussian distribution for air pollution. The diffusion equation 1 can be solved by two approaches. The first, and more complex type of solution is by numerical integration, having defined boundary conditions. The second approach is via simplifying assumption that the wind and turbulence functions are independent of time and position. Then, an analytical solution is possible, in which the pollutant concentration is expressed as a Gaussian distribution. Using analytical approach, the first formulation for the steady-state concentration of the downwind from a continuous point source was presented by Sutton [1], and further developed by Pasquill [2] and Gifford [3]. The formulation of the Gaussian plume model for the continuous point source is given by:

$$C(x, y, z; H) = \frac{Q}{2\pi\sigma_y\sigma_z\bar{u}} \exp\left[-\frac{1}{2}\left(\frac{y}{\sigma_y}\right)^2\right] \times \left[\exp\left\{-\frac{1}{2}\left(\frac{z-H}{\sigma_z}\right)^2\right\} + \exp\left\{-\frac{1}{2}\left(\frac{z+H}{\sigma_z}\right)^2\right\}\right] \quad (2)$$

where C – pollutant concentration (mass/volume); Q – emission rate from the point source (mass/time); z – receptor height above ground (m); u – mean horizontal wind speed (m/s); H – effective stack height (m) – the sum of the physical stack height (h) and the plume rise (Δh); σ_y and σ_z – horizontal and vertical dispersion coefficients (m) at a distance x from the source; x and y – downwind and lateral distances from the source to the receptor point (m).

Gaussian model is the oldest and most prominent utilized model. It accepted that the contamination gas scattered in air is a Gaussian dispersion. The model has another modified type for different gases and environment conditions. It is used for predicting different type of discharge: long-time release, continuous dispersion, non-continuous plumes. According to the basic mathematical models and its features, we choose the widely used Gaussian model.




Figure 2. Simple Gaussian distribution for point source

Line source model. Line sources are typically encountered during the atmospheric diffusion modelling of vehicular pollution and may be treated as assemblages of finite line sources. But, because an explicit solution to the general finite line source problem is not possible, it has to be approximated as a series of point sources. Thus, a line source may be considered to be a superposition of a series of point sources.

Now, assume a hypothetical line source along y_1 -direction so that the wind is perpendicular to it. The concentration at the receptor $R(x_1, y_1, z)$ due to this hypothetical line source can be calculated by integrating equation 2. It is expressed as:

$$C'(x_1, y_1, z) = \int QL \varphi(x_1, y_1, z) dy_1' \quad (3)$$

Since the deterministic model is based on the Gaussian plume model, which assumes the concentration distribution perpendicular to the plume axis to be Gaussian, the function φ in the above equation can be replaced by the generalized plume formula for an elevated point source.

$$C(x, y, z; H) = \frac{Q}{2\pi\sigma_y'\sigma_z'\bar{u}\sin\theta} \left[\exp\left\{-\frac{1}{2}\left(\frac{z-H}{Q_z}\right)^2\right\} + \exp\left\{-\frac{1}{2}\left(\frac{z+H}{Q_z}\right)^2\right\} \right] \times \int_{-L/2}^{L/2} \exp\left[\left(-\frac{y_1'\sin\theta - x\cos\theta - y\sin\theta}{2Q^2y}\right)^2\right] \sin\theta dy_1' \quad (4)$$

Gaussian model for changeable wind. Gaussian dispersion is too simple to be applied to practical conditions. It has two defects: wind, limited to constant wind direction and speed, and time component in the equation. As per the genuine different states of meteorology and geography, the disentangled model needs streamlining to guarantee unwavering quality. Since it is confined by genuine figuring limit while connected in genuine field framework, the streamlined essentially demonstrate still couldn't be contrasted with created complex air scattering model. In any case, it could fulfill the interest of constant result perception under low calculation limit, and by one means or another mirror the genuine circumstance after advancement. The significant enhancements would be about meteorological conditions, territory and substance sort.




Figure 3. Simple Gaussian distribution for line source

To improve reliability of Gaussian equation in this work we considered one method for improving the model. Gaussian equation is split to series of two-dimensional Gaussian distribution puffs.

$$dC_{k+1} = \frac{dQ(x_k, y_k, z_k, t_k)}{2\pi^{3/2}\sigma_{x,k+1}\sigma_{y,k+1}\sigma_{z,k+1}} \times \exp\left\{-\frac{[x - x_k - u_{x,k+1}(t - t_k)]^2}{2\sigma_{x,k+1}^2} - \frac{[y - y_k - u_{y,k+1}(t - t_k)]^2}{2\sigma_{y,k+1}^2}\right\} \times \left\{\exp\left[-\frac{(z - z_k)^2}{2\sigma_{z,k+1}^2}\right] + \exp\left[-\frac{(z + z_k)^2}{2\sigma_{z,k+1}^2}\right]\right\} \quad (5)$$

The equation describes that a continuous release is split into a series of instantaneous puffs release, and each one diffuses driven by different wind of its location. $U_{x, k+1}$ and $U_{y, k+1}$ represent the mean wind speed of number $k+1$ moment in x and y directions respectively, so that the model can be controlled by the wind fields. The model also introduced time component. The concentration in region could be described as superposition of each instantaneously released puff. x_k and y_k is the puff's coordinate point of number k moment, and are expressed as:

$$x_k = u_{x,k-1}(t - t_{k-1}) + \sum_{i=1}^{k-2} u_{x,i}(t_i - t_{i-1}) \quad (6)$$

$$y_k = u_{y,k-1}(t - t_{k-1}) + \sum_{i=1}^{k-2} u_{y,i}(t_i - t_{i-1}) \quad (7)$$

The standard deviation components of three directions are due to distance travelled from source, local meteorological and geological conditions. To get the concentration at (x, y, z) at moment t , the equation is described as series of puffs superposition:

$$C(x, y, z, t) = \sum_{i=1}^n C(x_i, y_i, z_i, t_i) \quad (8)$$

Where n is the number of puffs released to represent a continuous release in a certain period of time t . The larger n is set, the bigger calculation pressure of computer will be. While a puff diffuses far enough that it had little effect on the whole concentration in region, there is no need to track this puff anymore which could be omitted. It is better to set a concentration threshold to control the number of puffs in scene.

Applying results to Almaty. Air quality portals which give information of the current air quality in the Almaty are not give full view to the city. For example Geographical portal for air quality monitoring of the Kazhydromet: <http://www.atmosfera.kz/> shows only measurements of 9 sensors. The sensors provide information about level of NO_x, SO₂, H₂S, O₃, NH₃, PM₁₀, PM_{2.5}. Thus sensors couldn't give the real pollution values. Portal almatyurbanair.kz provide information about level of PM_{2.5} in the center of Almaty. We used this information's as input parameters for modeling as point source.

As mentioned in introduction part, the 81% percent of pollution sources are traffic exhaust. For modeling road sources were considered as line sources. For calculation emission from automobiles were used emission factor datasets of AMDS-Urban model [7]. This model uses activity data in terms of vehicle counts for emission estimation. The formula for calculation emission from vehicles needs information about average vehicle count per hour, average speed, road type, vehicle category. The calculation is programmed in C++ language and plotted on city map using Surfer tool [8]. The result of calculation is shown on picture figure 4.




Figure 4. Polluted Almaty city. The level of NO₂

In figure 4 red points are places with known pollution level. Orange lines are main roads of Almaty, which is very polluted. The information about vehicle count were taken from google map and Almaty traffic management center. The figure 4 shows the level of NO₂ gas distribution in city.

Conclusion. Air pollution is a serious problem in many developing countries, and can play a major factor in the health of its population. Almaty belongs to cities with high level of air pollution for many years. And it caused by geographical features and meteorological conditions of the area. The objectives for this paper are modelling the air pollution distribution and prediction the concentration level of air pollutants. According to the basic mathematical models and its features, was chosen Gaussian model. All results of the predicted values were visualized on surfer and showed on the map of the city.

References:

1. Sutton, O.G., 1947. The problem of diffusion in the lower atmosphere. *Quaternary Journal of Royal Meteorological Society*, vol. 73, issue 317-318, – pp. 257-281. – URL: <http://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1002/qj.49707331704/full> (дата обращения: 15.10.2016)
2. Pasquill, F., 1961. The estimation of the dispersion of wind borne material. *Meteoro-logical Magazine*, vol. 90, no. 1063, 33-49.– URL:<http://www.oalib.com/references/13491149>(дата обращения: 15.10.2016)
3. Liu J., Wu J., Panda D.K. High performance RDMA-based MPI implementation over Infiniband // *International Journal of Parallel Programming*. – 2004. 32 :167, – №. 3. – pp. 167-198.– URL:<https://link.springer.com/article/10.1023/B:IJPP.0000029272.69895.c1>(дата обращения: 15.10.2016)
4. Zheng Fu, Jingeng Mai, Lin Zhang, Fei Tao. Simplified atmospheric dispersion model and model based real field estimation system of air pollution. *Frontier of environmental science*. Volume 4, Issue 2, – pp.46-54, June 2015. – URL:<http://citeweb.info/20151713382>(дата обращения: 11.11.2016)
5. Walcek, C.J., 2000. Minor flux adjustment near mixing ratio extremes for simplified yet highly accurate monotonic calculation of tracer advection. *Journal of Geophysical Research* Vol. 105, - pp. 9335–9348. – URL:<http://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1029/1999JD901142/full>(дата обращения: 12.11.2016)
6. Walcek C. J. Effects of wind shear on pollution dispersion // *Atmospheric Environment*.– 2002. – Vol. 36. – Issue 3. – pp. 511 – 517.– URL:<http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1352231001003831>(дата обращения: 24.01.2017)
7. McHugh C.A., Carruthers D.J., Edmunds H.A. ADMS–Urban: an air quality management system for traffic, domestic and industrial pollution // *International Journal of Environment and Pollution*. – 1997. – Vol. 8. – Issue 3-6. – pp. 666–674. – URL:<http://www.inderscienceonline.com/doi/abs/10.1504/IJEP.1997.028218>(дата обращения: 25.01.2017)
8. Lafaurie B. et al. Modelling merging and fragmentation in multiphase flows with SURFER // *Journal of Computational Physics*. – 1994. – Vol. 113. – Issue 1, – C. 134-147. – URL:<http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0021999184711235>(дата обращения: 25.01.2017)

ӘОЖ 372.851
МРНТИ 27.01.45

Б.Т. Тәліп¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, «Математика» мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

ТАРИХИ ЕСЕПТЕРДІ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Қазіргі заман мектеп математикасын оқыту үрдісінде тарихи элементтерді пайдалану мәселесі болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін шыңдаудың көкейкесті мәселелерінің бірі болып табылады. Көптеген классикалық, тарихи, қызықты есептер білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытумен қатар, олардың математикалық сөйлемдерді оңай түсінуіне жағдай жасайды және оларды қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйретеді, математиканы табиғатпен, күнделікті өмірмен байланыстырады. Мақалада тарихи есептерді пайдалану арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ойлау қабілетін арттыру көзделеді. Оларды сабақта қолданудың маңыздылығы көрсетіледі. Сонымен қатар, 5-сынып оқулығының тақырыптық тарауларына мысалдар келтірілді. Математика сабақтарында тақырыпқа байланысты тарихи есептерді пайдалану сабақты қызықты өткізуге мүмкіндік туғызады. Қазақтың халық есептері өз ұлтына деген мақтаныш сезімдерін оятады.

Түйін сөздер: Математика, есептер, тарихи есептер, ғылым, интеллектуалдық ойлау.

Аннотация

Б.Т. Тәліп¹

¹магистрантспециальности «Математика» КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЗАДАЧ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

В статье рассматриваются некоторые актуальные проблемы развития профессионального мастерства будущих учителей математики современной школы с учетом внедрения исторических элементов на уроках математики. Применение классических, исторических, интересных задач не только развивает логическое мышление учащихся, а также способствует легкому пониманию математических предложений, обучает принимать правильные решения при трудных ситуациях, приближает математику к природе и к повседневной жизни. В статье предполагается увеличить навыки мышления и интерес к предмету учеников, используя исторические задачи. А также рассматривается важность применения таких задач на уроках математики. Приводятся примеры на тематические разделы математики 5-го класса. Использование исторических задач на уроках математики, связанных с исторической темой, позволит провести урок интересно. Казахские старые, народные задачи пробуждают чувство гордости у учеников за свою нацию.

Ключевые слова: Математика, задачи, исторические задачи, наука, интеллектуальное мышление.

Abstract

USE HISTORICAL TASKS AT LESSONS OF MATHEMATICS

Talip B.T.¹

¹Student of Master Programme in Mathematics of the AbaiKazNPU, Almaty, Kazakhstan

This work explores the problem of developing professional skills of the future mathematics teachers in modern schools with consideration of implementing historical elements in the mathematics lesson. The use of classic, historic, interesting tasks, not only develops logical thinking of pupils, as well as contributes to the easy understanding of the mathematical proposition, teaching to make the right decisions when difficult situations brings mathematics to nature and everyday life.

In the article proposed to increase thinking skills and interest in the subject among students by using historical tasks. Input a word as well as the importance of applying such tasks at lessons of mathematics. The examples in the thematic sections of mathematics grade 5. In mathematics lesson use historical tasks connected to the theme will allow for an interesting lesson. Kazakh old folk task evokes a sense of pride in the pupils for their nation.

Keywords: Mathematics, tasks, historic tasks, science, intellectual thinking.

Әрбір ғылымның дамуына байланысты өздеріне тән ерекше тарихы болады. Оқушыларды сол ғылымның тарихымен таныстыру, оларды адамгершілікке және елжандылыққа тәрбиелеуге, ғылымға деген қызығушылығын оятуға үлкен мүмкіндік туғызады. Өткен дәуірдің ғұлама ойшылдарының өмір жолдары мен олардың ғылымға қосқан үлесімен оқушыларды таныстыру, олардың өзін-өзі тәрбиелеуінде елеулі әсер етеді. Бұл орайда, замана талқысынан өтіп, өңі өзгерсе де сөлі қалған, әр ғасырда өмірге келіп, әр алуан тұрмыс-тіршілікті бейнелейтін тарихи есептердің мәні зор. Сол есептерді бүгінгі күнде сабақпен байланыстра отырып, өз қажетімізге пайдалана алсақ, біздің үлкен жетістігіміз болар еді. Соның бір жолы – сабақта немесе сыныптан тыс жұмыстарда тарихи есептерді пайдалану.

Тарихи есептер математиканы оқыту процесін жетілдіруде, оқушылардың логикасын дамытуда маңызды роль атқарады. Тарихи есептердің көмегімен математикалық білімдерді меңгеруді және оқушылардың білім алуға деген белсенділіктерін арттыруды қамтамасыз ететін әдістемелік тәсілдерге қатысты зерттеулер жоқ емес. Алайда, сол жүйеге енетін есептер тәрбиелік мазмұны жағынан ерекше объект ретінде қарастырылмаған.

Тарихи есептерді қолданудың тәсілдері әртүрлі болуы мүмкін. Оларды негізінен алғанда, мазмұнына байланысты жаңа тақырыпты түсіндіргенде, қайталағанда, бекіткенде, сабақты қорытындылағанда немесе оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексергенде қолдануға болады.

Әдетте, математика пәнінің мұғалімдері тарихи есептерді өз тәжірибелерінде жиі қолданады. Алайда, көбіне олар тарихи есептерді тақырыппен байланыстыра отырып қолдануға көп мән бере бермейді. Сондықтан біз төменде 5-сыныпқа арналған математика пәнінің негізгі білім мазмұнында көрсетілген тақырыптарға байланысты төмендегі дейтарихи есептерді мысал ретінде келтіреміз.

«Натурал сандар және нөл саны» тарауын оқытуда мына сияқты тарихи есептерді пайдалануға болады.

№1. Қазақтың халық есебі

Атасы мен немересі

Атасы 56 жаста, ал немересі 14 жаста. Неше жылдан кейін атасының жасы немерелерінің жасынан екі есе үлкен болады? Сонда атасы нешеге, немересі нешеге келеді?

Шешуі: Айталық x жылдан кейін атасының жасы немересінің жасынан 2 есе үлкен болады дейік.

Сонда

$$56 + x = (14 + x) \cdot 2$$

$$56 + x = 28 + 2x$$

$$2x - x = 56 - 28$$

$$x = 28.$$

$$56 + x = 56 + 28 = 84$$

$$14 + x = 14 + 28 = 42.$$

Жауабы: 28 жылдан кейін атасының жасы немерелерінің жасынан екі есе үлкен болады. Сонда атасы 84-ке, немересі 42-ге келеді [1].

«Натурал сандардың бөлінгіштігі» тарауы бойынша мына есепті қарастыруға болады.

№2. «Құтты қазықтар» есебі

Бір қарияның үш ұлы болыпты. Қартайғанда малын еншіге бөліп бергісі келіп, 12 жерден қазық қағады да, бірінші қазыққа 1 қой, екіншіге 2 қой, үшіншіге 3 қой, осы ретпен он екіншіге 12 қой байлайды.

Балаларына «осында байланған қойларды үшеуің тең бөліп алыңдар», - дейді.

- Әрбіреуің төрт қазықтағы қойды ағытып алсаңдар, еншілерің тең болады, - дейді қария. Сонда әрбіреуі қанша қойдан бөліп алады?

Шешуі: «Құтты қазықтар» есебінің математикалық моделі



$$(1 + 2 + 3 + 4 + 5 + 6 + 7 + 8 + 9 + 10 + 11 + 12) : 3 = 26$$

Жауабы: Әрбіреуі 26 қойдан бөліп алады.

«Жай бөліктер және оларға амалдар қолдану» тарауы бойынша төмендегідей есептерді қарастыруға болады.

№3. Ежелгі грек есебі

“Мектебіңізде неше шәкірт бар?”- деген сұраққа Пифагор былай деп жауап қайырыпты: “Жартысы математиканы, ширегі музыканы үйренеді, жетіден бір бөлігі үн қатпайды, бұдан басқа тағы үш әйел бар”. Пифагор мектебінде барлығы неше шәкірт бар?

Шешуі:

$$\begin{aligned}\frac{x}{2} + \frac{x}{4} + \frac{x}{7} + 3 &= x \\ \frac{28x + 14x + 8x - 56x}{56} &= -3 \\ \frac{-6x}{56} &= -3 \\ x &= 28\end{aligned}$$

Жауабы: Пифагор мектебінде 28 шәкірт бар.

«Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану» тарауына мына сияқты есепті пайдалануға болады.

№4. Қазақ халық есебі

Тары жегіш тауықтар

Жүз тауық 100 күнде 100 қалақ тары жейді. Ал 10 тауық 10 күнде қанша тары жейді?

Шешуі: Бір күнде жүз тауық $100:100=1$ (қалақ) тары жейді.

Бір тауық $1:100=0,01$ (қалақ) тары жейді.

Он тауық бір күнде $10 \cdot 0,01 = 0,1$ (қалақ) тары жейді.

Олай болса, он күнде он тауық: $0,1 \cdot 10 = 1$ (қалақ) тары жейді.

Жауабы: Он күнде он тауық 1(қалақ) тары жейді.[2]

«Пайыз» тарауына мына сияқты есепті пайдалануға болады.

№5. Ежелгі египет есебі.

Бақташы 70 өгіз айдап әкеліпті. Есепші бақташыдан «Қанша малыңыз бар еді?» - деп сұрапты. Сонда Бақташы: «Мен малдың үштен бірінің үштен екісін айдап әкелдім, нешеуі барын өзіңіз табыңыз» - депті. Бақташының қанша малы болған?

Шешуі: айдап әкелген мал барлық малдың $\frac{1}{3}$ -інің $\frac{2}{3}$ -сі мынаған тең болады:

$$\frac{1}{3} \cdot \frac{2}{3} = \frac{2}{9} \text{ бөлігі болады.}$$

$$\text{Барлық мал саны } 70 : \frac{2}{9} = \frac{70 \cdot 9}{2} = 315.$$

Жауабы: Бақташының 315 малы болған.

«5-сыныптағы математика курсы қайталау» тарауына мына сияқты есепті пайдалануға болады.

№6. Шехеризада саны

1001 – даңқы шыққан Шехеризада саны. Бұл санның ерекшелігі мынада: 7, 11 және 13 сандарына қалдықсыз бөлінеді немесе $1001 = 7 \cdot 11 \cdot 13$ болады. Бұл санның басқа да ерекшеліктері бар. Кез келген үш таңбалы санды 1001-ге көбейткенде шығатын көбейтіндіні осы үш таңбалы санды екі рет қайталап жазғанға тең.

$$873 \cdot 1001 = 873873$$

$$236 \cdot 1001 = 236236$$

Ал бұл санның қандай ғажап сыры бар екендігін дәлелдеп көрейік. Ол үшін «Ойлаған санды табу» есебін шығарып көрейік. Ол үшін I оқушыға үш таңбалы сан ойлауды ұсынады. Оны қағазға жазғаны дұрыс. Енді ойлаған санға осы санның өзін тіркеп жазып, сан жазылған қағазды II оқушыға береді. II оқушы қағазға жазылған санды 13-ке бөліп, шыққан санды III оқушыға береді, III оқушы 13-ке бөлінген санды 11-ге бөліп, IV оқушыға беруі керек, ал IV оқушы 11-ге бөлінген санды 7-ге бөліп, шыққан санды оқушы керек. Бұл ФЫсан 1 оқушының ойлаған саны болады.

Мұнда ешқандай да құпия жоқ. Үш таңбалы бір сан ойлап, оны 1001-ге көбейтіп, қайта 1001-ге бөлдік. Нәтижесінде ойлаған санның өзі шықты.

Ойынды мысалмен көрсетейік:

I оқушы 871 санын ойлады дейік, оған 871 санын тіркеп 871871 түрінде жазып, II оқушыға берді делік. Бұл $871 \cdot 1001$ -ге көбейтілгенде 871871 саны шығады. II, III, IV оқушының кезегімен 13, 11, 7-ге бөлуі, бұл санды 1001-ге бөлумен тең. Себебі, $13 \cdot 11 \cdot 7 = 1001$ санын береді. Сонымен, 871 санын 1001-ге көбейтіп, қайта 1001-ге бөлгенде, бөліндіде ойлаған 871 саны шығады. Бұл саннан басқа да үш таңбалы кез келген сан ойлап, ойынды жалғастыруға болады.

Осы сияқты есептерді математика сабақтарында жүйелі пайдалану бір жағынан оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттырады, екінші жағынан оқушылардың сол тақырыпты терең меңгеруіне көмектеседі және өмірде қолдана білуге үйретеді.

Елімізде математика сабағын оқытатын кадрлардың кәсіптік құзіреттілігін қалыптастыру – олардың пән бойынша білімін шыңдаумен қатар, жалпы интеллектуалдық ойлау кеңістігін кеңейтуді де талап етеді. Математика сабақтарында мектеп оқушыларының математикалық-логикалық, интеллектуалдық ойлауын дамыту үшін, тарихи, классикалық есептерді, ұлы математиктердің және басқа пән ғалымдарының математика жөніндегі немесе адамгершілік тағы басқа адам бойындағы жағымды қасиеттері, фәлсафалық тұрғыдағы қанатты сөздері, математика тарихындағы қызықты оқиғалар, парадокстар мен шешімі жоқ есептерді, тарихи мәліметтерді пайдалану әдістемесінің маңызы зор.

Мектептегі математика курсына ғылым тарихының элементтерін жүйелі пайдалану оқушылардың пәнге деген ынтасын дамытуға, математиканы неғұрлым терең де, берік игеруге, мектеп оқушыларының диалектикалық-материалистік дүниетанымын қалыптастыруға көмектеседі. Сондай-ақ өз елімізден шыққан математиктер туралы әңгімелер оқушылардың өз еліне, Отанына мақтаныш сезімін оятады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әлімбаев Т.Р. *Математикадан сыныптан тыс жұмыстар мен халық есептері.* - Алматы: Рауан, 1997. - 80 б.
- 2 Қырық қазына. *Қазақ халқының ауызша есептері.* - Алматы, 1987.

ФИЗИКА, ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ФИЗИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ

ӘОЖ 373.016:53:502
МРНТИ 535.4

Ғ.М. Әбілдаев¹, В.Ж. Успанова², Н.А. Гайнеденов³, К.Ж. Султанова⁴

^{1,2}Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының оқытушысы,
Арқалық қ., Қазақстан

³Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқытушысы, Атырау қ., Қазақстан

⁴Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

ФИЗИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың физикалық және экологиялық білімдерін дамыту, қоршаған ортаны қорғауға үйрету және қоғамдық белсенділікті арттыру мәселелері қарастырылған. Оқушылардың білімі мен жан-жақты ойлау қабілетін дамыту қамтылған. «Физиканы оқытуда жоғары сынып оқушыларының экологиялық білімдерін дамытудың маңызы» атты экологиялық мазмұндағы сабақтарды өткізудің әдіс-тәсілдері ұсынылған. Табиғатты қорғауға байланысты жұмыстар атқаруда физика сабағының мүмкіндіктерінің көп екені белгілі. Мұның өзі физикалық заңдар мен құбылыстардың мәнін ашып, сабақтың қызықты өтуіне септігін тигізеді. Жоғары сынып оқушыларына табиғатты қорғау қажеттілігін, техниканың қауырт дамуы да оған елеулі зиян келтіретіндігін ескерту құба-құп. Ауаның ластануы жөнінде нақты фактілер келтірген жөн. Мысалы, қара метал мен электр қуаты кәсіпорындарының ауаға шығаратын заттары өкпе ауруларына шалдықтырады. Бұл мақаланың оқытушыларға және жоғары сынып оқушыларына пайдасы болады деп сенеміз.

Түйінді сөздер: Білім беру, физика пәнін оқыту, экологиялық білім беру, негізгі принциптер, қоршаған ортаны қорғау, физикалық заңдар мен құбылыстар, радиоактивті ластану, радиациялық экология.

Аннотация

Ғ.М. Абылдаев¹, В.Ж. Успанова², Н.А. Гайнеденов³, К.Ж. Султанова⁴

^{1,2}Преподаватель Аркалыкского государственного педагогического института имени И.Алтынсарина,
г. Аркалык, Казахстан,

³Преподаватель Атырауского государственного университета имени Х.Досмұхамедова,
г. Атырау, Казахстан,

⁴Старший преподаватель Казахского национального педагогического университета им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ЗНАЧИМОСТЬ РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ СТАРШИХ КЛАССОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ ФИЗИКЕ

В статье рассматриваются вопросы развития знаний учащихся по физике и экологии, привлечения их к защите окружающей среды и повышения общественной активности. Рекомендованы методы проведения уроков с экологическим содержанием на тему «Значимость развития экологического образования учеников старших классов при обучении физике». При работе над темой о защите природы возможности уроков физики очень велики. Это дает нам понять сущность физических законов и явлений, а также интересно провести урок физики. Будет правильно если, ученикам старших классов напоминать о том, что быстрое развитие техники серьезно наносит вред природе и необходимо защищать окружающую среду. Приводит достоверные и конкретные факты о загрязнении воздуха. Например, отходы, выводимые заводами по добытию черного металла, приводит к заболеваниям легких. Значимость этой статьи очень важна при обучении физике учеников старших классов.

Ключевые слова: образование, преподавание физики, экологическое образование, основные принципы, защита окружающей среды, физические законы и явления, радиоактивное загрязнение, радиационная экология.

Abstract

THE IMPORTANCE OF DEVELOPING ENVIRONMENTAL EDUCATION IN TEACHING STUDENTS TO PHYSICS

Abildayev G.¹, Usanova V.², Gainedenov N.³, Sultanova K.⁴

^{1,2}Lecturer, MS degree, Altynsarin Arkalyk State Pedagogical Institute, Arkalyk, Kazakhstan,

³Lecturer, MS degree, Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau, Kazakhstan

⁴Senior Lecturer, master degree, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

This article is dedicated to the matters of development of students' knowledge of physics and ecology, education of environmental protection and improvement of public activity. The training target of this article (scientific paper) is development of student's knowledge and ability to think. There are we give some methods to conduct a lesson on the topic «The importance of developing environmental education in teaching students to physics». There are good opportunities for physics classes for doing a lot of work in the theme «protection of environment». It helps to explain the laws of physics and physical phenomena, and makes the lesson more interesting. We should warn students of high school that they must protect the environment. Explain to students about the facts of pollution of air. For example, manufacturing wastes from the factories of the black metal and electricity can damage to our health. We hope this article will be useful for the teachers and students.

Keywords: education, teaching physics, environmental education, basic principles, environmental protection, physical laws and phenomena, radiation contamination, radiation ecology.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ету мақсатында, Ел Басы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2030» атты стратегиялық программасында адамдардың денсаулығын жақсарту, салауатты өмір салтын дамыту үшін экологиялық мәселелерді шешу қажеттілігі атап айтылған. Ел Басының стратегиялық программасында: «Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20%-ына себеп болып отыр, бұл жағдай кей аймақтарда мұнан да қиын, отандастарымыздың үштен бірі сапасыз тамақтануда, ол демографиялық жағдайдың төмендеуіне әкеп соғады» - деп атап айтқан [1].

Экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымының, қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлесімділігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру [2]. Экологиялық білімді жүзеге асыруда білім беру аспектілерімен қатар, оның негізгі дидактикалық ұстанымын сақтау керек. Олар экологиялық білім берудің негізгі принциптері болып табылады.

Ғылымилық принципі – негізінен, оқушыларға білім беруде фактілер, құбылыстар мен процестер, адамның табиғатқа әсері, табиғатты қорғау жұмыстары және экологиялық апаттылық жағдайлардың нәтижелері ғылыми тұрғыда дәлелденген материалдар негізінде берілуі және пайдалануы тиіс екенін көрсетеді.

Байланыстылық принципі – негізінен табиғатты, тірі және өлі табиғат пен орта (топырақ, ауа, су, өсімдіктер мен жануарлар) арасында тығыз байланыстың бар екенін ұғынумен түсіндіріледі.

Тепе-теңдік принципі – табиғаттағы биоценоздар, экожүйелер арасындағы тепе-теңдік сақталмауы және олардағы бір компоненттің өзгеруінен табиғи тепе-теңдік бұзылуына әкеліп соғатынын түсіндірумен тқжырымдалады.

Қызығушылық принципі – оқушылардың бойында еліміздің қайталанбас сұлу табиғатына деген қызығушылық сезімін оятып, туған өлкесін, оның табиғи байлықтарын суюге, аялауға тәрбиелеу.

Үздіксіздік принципі – оқушылардың білім қорын балабақшадағы сәбилік кезінен бастап, бастауыш сынып, одан жоғары сыныптарға көтерілу деңгейлеріне үйлестіре отырып дамыту.

Интеграциялау принципі – экологиялық білім беруде физика пәндері (география, биология, физика, математика, т.б.) мен гуманитарлық пәндер (әдебиет, тарих, қоғамтану, т.б.) арқылы оқушыларға берілетін білім негіздерін жеке адам деңгейінен қоғамдық деңгейге көтеру.

Көрнекілік принципі – оқушыларға экологиялық білім беруде оқу процесінде көрнекі құралдар, диафильмдер, киносюжеттер, кеппешөптер, коллекциялар, бейнекөріністер, биоиндикаторлар пайдалану.

Қабылдаушылық принципі – негізінен мұғалімнің экология ғылымының мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлауы, экологиялық терминдердің түсініктілігін, ұғымдар мен заңдарды қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып, оның жатық, әрі түсінікті тілмен берілуі.

Өлкелік принципі – экологиялық білім беруде тұрмыстық салт-дәстүрлерді, қала немесе ауылдық жерлерде тұру жағдайларын ескеру. Мүмкіндігінше жергілікті, аймақтық мәселелерді көтеру оған оқушылардың араласуын, туған өлкесіне деген патриоттық сана сезімін ояту [3].

Республикамызда экологиялық білім берудің ең ұтымды, әрі экономикалық жағынан тиімді жолдарын іздестіру міндеті тұр. Сондықтан, экология пәнін 1-11 сыныптарға түгелдей енгізу мүмкін емес. Біздің жинақтаған тәжірибелеріміз экологиялық білім берудің пәнаралық байланыстар және пәнді экологияландыру, факультативтік сабақтар, одан кейіноны жеке пән түрінде біртіндеп енгізудің өміршең екендігін

көрсетіп отыр. Пәнді экологияландыру республикамыздың 2000-2001 жылы жарық көріп жатқан жаңа буын байқау оқулықтарында да көрініс тапқан Әсіресе, жаңа буын байқау оқулықтарының география, биология, химия мазмұнында (әрбір тақырыпта) экологиялық мәселелер беріледі. Онда еліміздің экологиясына арналған материалдар мол. Экологиялық оқу бағдарламасын жасауда екі мәселені басшылыққа алу көзделген. Бірінші: пәнді экологияландыру нәтижесінде экологиялық мәселелерді баяндауды интеграциялау, екінші – арнайы экологиялық білім беру мәселелерін шешетін жеке экология пәнін дамыту.

Бүгінгі таңда Озон қабатының жұқаруы, улы тұзды жаңбырлардың жаууы, ауаның химиялық заттармен ластануы – адамзаттың, яғни біздің іс-әрекетімізден орын алған, орны толмас қасірет болып табылады. Табиғаттың осындай аянышты күйге ұшырап, еліміздің көптеген жерлерінің апат аймағына айналуының бір себебі – экологиялық білім мен тәрбиенің төмендігінде деп білуіміз керек [4].


Қоршаған ортаны қорғау – адамзаттың алдында тұрған басты түйткілді мәселелердің бірі. Табиғатты қорғау тақырыбымен қомақты жұмыс атқаруда физика сабағының да мүмкіндіктері көп. Мұның өзі физикалық заңдар мен құбылыстардың мәнін ашып, сабақтың қызықты өтуіне септігін тигізеді. Жоғары сынып оқушыларына табиғатты қорғау қажеттігін, техниканың қауырт дамуы оған елеулі зиян келтіретіндігін ескертіп отыру орынды. Ауаның ластануы жөнінде нақты фактілер келтірген жөн. Мысалы, қара металл мен электр қуаты кәсіпорындарының ауаға шығаратын заттары өкпе ауруларына шалдықтырады [5]. Химия өнеркәсібінің ауаға шығаратын зиянды заттары аллергияның, без және жыныс ауруларының пайда болуына ықпал етеді. Қазақстанда тұрақты өнеркәсіп орындарының көздерінен атмосфераға жыл сайын (1995 ж. – 3,1 млн.г., 1997 ж. – 2,37 млн.г., 1998 ж. – 2,33 млн. г.) зиянды заттар шығады. Атмосфераға кететін зиянды қосындылардың жартысына жуығын энергетика, ал түсті металдар – 22,7%, қара металдар – 15,7%-ын береді.

Сондай-ақ, атмосфераға зиянды заттарды шығаруда автокөліктер үлкен орын алады. Қазақстанның үлкен қалаларында автокөліктердің зиянды заттарды шығарудағы үлесі 60-80% құраса, ал Алматы қаласында – 90%. Ластанудың физикалық факторларына электромагниттік өріс, шу, радиоактивті сәулелену, вибрация, гравитациялық өріс және өнеркәсіптік қондырғылардың жылуы да жатады.

Табиғат тербеліссіз болмайтыны анық. Жоғары сыныптардағы физика сабағындағы «Еркін және еріксіз тербелістер» тақырыбын да экологиялық тәрбиемен ұштастыруға болады. Мысалы, вибрация – әртүрлі механизмдер жұмысының нәтижесі. Ол жабық ғибратта жұмыс істейтін машиналар екені белгілі, ендеше вибрациядан адамдарды қорғау қажет немесе ауыр транспорттың жүрісінің әсерінен пайда болған вибрациядан архитектура ескерткіштері бүлінуде [6]. Көне архитектура ескерткіштерін бүлінуден сақтау үшін физиктер темір бетон блоктардың арасына каучук блоктар салынған корзина жастықты асфальтталған жол салуды ұсынып отырғанын айта кетуіміз керек.

Біз дыбыс әлемінде өмір сүрудеміз. Ал, дыбыс физиканың оптика бөлімінде қарастырылады. Бұл да жоғарғы 10-11 сынып оқушыларына дыбыстың экологиялық және ағзалық зардаптарына тоқталатын болсақ, оның да физика сабағын қызықты өткізуге өз ықпалын тигізеді анық. Мысалы, қажетті сигналдардан басқа да бізге транспорттың, жұмыс істеп тұрған машиналардың және ең жоғары дыбыс шығару деңгейіне қойылған аудио аппаратуралардың үні де әсер етеді. Мысалы, Италиядағы "Сибарис" атты ежелгі грек колониясының тұрғындары өз қаласында түнде шулауға тиым салып, ұстахана мен шеберханаларды қала сыртына салғызатын болған. Қатты дыбыс зиянды. Шудың да адамның қан айналымына әсері бар, зат алмасу процесі өзгереді, асқазан жарасын, гипертонияны т.б. аурулардың пайда болуына әкеледі. Міне осындай құбылыстарды айта кеткеніміз өте орынды [7].

Радиоактивтік ластану қаупі уранның ыдырау реакциясы ашылғаннан бастап пайда болды. Бұл басқа ластану көздеріне қарағанда ерекше болып табылады. Биосферада радиоактивті сәулеленудің екі түрі белгілі: сырттай және іштей сәулелену. Сырттай сәулеленудің көзі радиоактивтік нуклид нәтижесінде болады. Ал, іштей сәулелену адам ағзасына су, тамақ және ауа арқылы түскен радиоактивті элементтер арқылы жүреді. Қорғаныс жолдарын пайдалану заңдылықтарын білсе және орындаса мұндай ластанулар адам ағзасына және қоршаған ортаға зияны болмас еді. Осы мағлұматтар оқушыларға «Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері» тақырыбында берілсе, жоғары сынып оқушылары радиация ұғымы туралы қосымша мәліметтер алған болар еді (1-сурет).



Сурет 1

Радиациялық экология негіздерін ХХғасырдың 30-жылдарында В.И. Вернадский "Радиоактивті заттардың биохимиясы" атты еңбегінде салған. ХХ ғасырдың 50-жылдарында атом өндірісінің дамуы, атом бомбаларын эксперименттік жару барысында стронций, цезий, плутонийдің радионуклидтерінің ауаға тарап, биосфераны ластауына байланысты радиациялық экология дами түсті.

Радионуклидтер – ядролық түрленумен (реакциялармен) салыстырып қарағанда тұрақсыз ядро, ол α және β - зарядталған бөлшектер мен γ -қысқатолқынды электромагниттік сәуле шығарады. Бұл құбылыстың негізгі заңдылықтарын ашу халық шаруашылығына да үлкен пайда келтірді [8].

Біз ғылым мен техниканың қарыштап дамыған уақыты ХХІ ғасырда өмір сүрудеміз. Ағын судай асыққан заманда ұялы телефон – уақытымызды үнемдейтін таптырмас көмекші құрал. Алайда, оның зияны жоқ емес. Бір-бірімізбен хабар алмасып, қоңырау шалып, хабарлама жазамыз. Ұялы телефондарға суретке түсіп, интернет пен әлуметтік желілерде "отырамыз". Ойындар ойнап, фильм қарап, кітап оқимыз, оятар қоңырауына қойып, сүйікті әуендерімізді тыңдаймыз. Осындай адам баласына қажетті құрал қалайша зиян бола алады?

Ұялы байланыстың адам денсаулығына әсерін зерттеуші ғалымдар байланыс орнатудың алғашқы 3-4 секундында сөйлеспей қоя тұруға кеңес береді. Себебі бұл сәтте электромагниттік толқындардың әсері өте көп болады екен. Адам денсаулығына телефонның жағымсыз әсерін азайтудың тағы бір жолы құлақбау тәрізді құрлығыларды пайдалану екен (2-сурет).



Сурет 2

Қазір әлемде ұялы телефондардың қолданыс аясы өзінің байланыс орнату шегінен асып кетті. Телефондар өмірдің барлық саласында қолданылуда. Ұялы байланыстың жұмыс жасау принципі кәдімгі бал арасының ұясының құрылымына ұқсайды. Әрбір аймақта орналасатын базалық станциялар сіздің үздіксіз байланыста болуыңызға мүмкіндік береді. Сіздің өзге абоненттермен сөйлесуіңіз, сәлемдеме жіберуіңіз, ІК-порт немесе Bluetooth жүйесінде мәлімет қабылдауыңыз немесе күту режиміндегі телефон электромагниттік толқындардың өрісімен қатар жүріп отырады [9].

Біздің барлық сөйлесуіміз толқынжыма тудыратын тербелістің төңірегінде жүреді. Қазіргі таңда ұялы телефондар 1800-1900 Меггерц жиілікпен жұмыс істей бастады, бұл диапазонда толқындар аса күшті болады. Олардың сәулесі адам денесіне еніп, оны қыздырады. Осыдан толқындардың адам ағзасының тәндеріне әсері пайда болады. Электромагниттік сәулеленудің қуатының шамамен 20 пайызы адам миына жетеді екен. Бірақ ұялы телефондардан шығатын жиіліктер аса қауіпті деңгейде емес.

Адам ағзасы кез келген материя тәрізді, белгілі бір тербеліс жиілігіне ие. Организмнің әр бөлігі әртүрлі

жиілікке ие. Сырттан келетін кез келген жиілік ағза үшін бөгде болып саналады. Ұялы телефондардан шығатын жиіліктер аса қауіпті болып саналмайды, бірақ телефондарды бас, ми, жүрек тәрізді үздіксіз жұмыс жасайтын ағзалар маңында ұстамауымыз керек.

Осы ұялы телефонның зардаптарын жоғары сыныптардағы физика сабағында «Электромагниттік сәулелер» тақырыбы аясында қосымша мәлімет ретінде айта кетсек, оқушыларды бұл ақпарат қызықтырады. Осылайша оқушылардың ғаламтордан, соның ішінде, агенттен алыстауына аз да болса септігі тиер еді. Біздің пікірімізше, ұялы телефонның зардабын оқушыларға жоғары сынып оқушыларына ғана емес, төменгі сынып оқушыларына, тіпті бала-бақшадан бастап балалардың санасына сіңіргеніміз жөн.

Экологияның дауыс – дыбысын, үнін заң шығарушылар да, ата-аналарда, ұстаздарда көңіл қойып тыңдап, өскелең ұрпаққа жеткізе білу азаматтық парызымыз. Жоғары сынып оқушыларын физика сабағы арқылы табиғатты аялауға бағыттап алсақ, соның негізінде имандылыққа, ізгілікке баулу, экологиялық ой-тұжырымдар ғылыми ұғым түсініктерімен байланыстырсақ, өз туған жерін, елін қорғауға, табиғат байлықтарын алақандарында аялап, бағамдай білетін жас ұрпақ дамыған болар едік [10].

Ұлы Абай ағамыз табиғаттың ерекше құбылыстарын өз өлеңіне арқау еткенін білеміз. «Болмасаңда ұқсап бақ» дегендей физика пәнінің мұғалімдері де Абай ағамыз секілді нақты фактілермен, қызықты мысалдармен жұмыс жасай білуі керек. Жоғары сыныптардағы физика сабағында экологиялық білім беру оның пәндік мәнін жан-жақты ашумен қоса, оқушылардың қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыра түсері сөзсіз.

Қоғамның жаңа ғасырға аяқ басуы еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси үрдістеріне үлкен өзгеріс енгізуде. Мұның білім беру саласына да әсер етуі сөзсіз. Себебі, шаруашылықтың өндірістік және өндірістік емес салаларында, тіпті күнделікті тұрмыста жаңа технологияларды қолдануға көшу білім беру жүйесінде «нені оқытамыз?», «қалай оқытамыз?» - ұғымдарын қайта қарастыруды талап етіп отыр. Егер мұғалім білім берудің ақпараттық сипатымен ғана шектелмей, оқушылардың шынайы өмірді танып білуіне, ондағы қайшылықтарды түсінуіне және алған білімдерін өмірде қолдана білуіне бағыт-бағдар беретін болса, онда оқушы өзінің не үшін оқып жүргендігін сезініп, білім алуға деген ынтасы артатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. - Алматы: Білім, 1997. – 256 б.
2. Дүйсембаев Б.М., Тоқбергенова У.Қ. Экологиялық білім беру. //ИФМ.-1997. -N 1.- С.16-19.
3. Дүйсембаев Б.М. және т.б. /Қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие деңгейін көтеру проблемалары.-Алматы: РБК, 1996.-172.-С.174.
4. Мамедов Н.М. Экологический контекст современного образования //Педагогическое образование. -М., 1993. Вып. С.10.-39.
5. Тарасов Л.В. Физика в природе. – М.: Просвещение, 1988. – 349с.
6. Мамедов Н.М.Экологический контекст современного образования //Педагогическое образование. -М., 1993. Вып. С.10.-39.
7. Кронгарт Б., Кем В., Қойшыбаев Н. Физика 10 сынып, Жаратылыстану-математика бағыты. – Алматы: Мектеп, 2010. – 384 с.
8. Тұяқбаев С., Насохова Ш., Кронгарт Б. Физика 11 сынып, Жаратылыстану-математика бағыты. – Алматы: Мектеп, 2011. – 400 с.
9. Қазақбаева Д.М., Әбілдаев Ф.М. Физика және астрономия ғылыми-әдістемелік журналы № 4-5 (68). - 2014. - С.3-5.
10. Қазақбаева Д.М., Әбілдаев Ф.М. Қазақстан мектебі. № 5, 2015, С.24-27.

ӘОЖ53.072; 53:004
МРНТИ29.03.77

Б.Е. Ақитай¹, Н. Қаңлыбек²

¹п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институтының профессоры,
Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы ҚазҰПУ, «Физика» мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ФИЗИКА ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде қолдану мәселелері қарастырылған. Дәстүрлі оқыту түрімен қатар, мультимедиялық ресурстар мен компьютерлік технологияларды оқыту процесіне енгізу педагогикалық мамандықты бітірушілердің даярлық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл инновациялық типтегі электрондық презентацияларды, виртуалдық демонстрацияларды, мини фильмдер мен практикумдарды қолдану қажеттілігімен түсіндіріледі. Ол студенттердің теориялық және практикалық даярлықтарының арасындағы алшақтықты жоюға, олардың ақпараттық құзыреттіліктерін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осымақсатта "Математика, физика және информатика" институтының "Физика" кафедрасында физика пәнінен құрылған дидактикалық материалдардың электрондық қоры туралы баяндалады. Оларды студенттер мен магистранттардың өзіндік жұмыстарында қолдану мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: ақпараттық технологиялар, инновациялық білім беру әдістері, физикалық виртуалды эксперимент, дидактикалық материалдардың электрондық қоры.

Аннотация

Б.Е. Ақитай¹, Н. Қаңлыбек²

¹к.п.н., профессор Института Математики, физикии информатики при КазНПУ имени Абая,
Алматы, Қазақстан

²магистрант специальности «Физика», КазНПУ имени Абая, Алматы, Қазақстан

ВОЗМОЖНОСТИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИКИ

В статье рассмотрены способы применения информационных технологий в образовательном процессе. Показано, что внедрение современных мультимедийных ресурсов и компьютерных технологий наряду с традиционными формами обучения, позволит повысить уровень подготовки выпускников педагогических специальностей. Это обуславливает необходимость применения электронных презентаций, виртуальных демонстраций, мини фильмов, практикумов инновационного типа, применение которых позволит преодолеть разрыв между теоретической и практической подготовкой обучающихся, эффективно сформировать информационную компетентность студентов. Для этого, в институте математики, физики и информатики, на кафедре физики создан электронный фонд дидактических материалов по физике. Также, рассмотрены способы их применения для самостоятельной работы студентов и магистрантов.

Ключевые слова: информационные технологии, физический виртуальный эксперимент, инновационные методы образования, электронный фонд дидактических материалов по физике.

Abstract

Akitai B.Y.¹, Kanlybek N.²

¹Cand.Sci.(Pedagogical), professor of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

²Student of Master Programme in Physics, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

THE OPPORTUNITY OF INFORMATION TECHNOLOGIES FOR TRAINING FUTURE TEACHERS OF PHYSICS

The article discusses the opportunity of information technologies in the educational process. It is shown that the introduction of modern multimedia resources and computer technology along with traditional forms of training, it will improve a preparation level of graduates of pedagogical specialty. These necessitates of usage of electronic presentations, mini movies, innovational workshops permit to get over the gap between theoretical and practical training of students, effectively forming the informational competence of students. For this purpose, electronic fund of didactic materials on physics were created at the institute of math, physics and informatics, at the chair of physics. Additionally, the methods of application of these materials for independent work of students and undergraduates were considered.

Keywords: informational technology, physical virtual experiment, innovative methods of education, electronic fund of educational materials on physics.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік программасы: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алуға қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген [1].

Педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларына қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс. Осындай талап деңгейіндегі маманды даярлау жоғары оқу орындарының үлесіне тиеді. Педагогикалық мамандық – білім беру нәтижесінде алынған және берілетін біліктілікке сәйкес кәсіптік-педагогикалық міндеттерді алға қоюды және шешуді қамтамасыз ететін білім, іскерлік және дағдылардың жиынтығынан тұратын күрделі үрдістің жемісі, осы кәсіптік топ шеңберіндегі қызмет түрі [2].

Жалпы физикадан білім берудің мақсаты – терең білім, дағдылар мен икемділіктер негізінде, өзін-өзі дамытудағы жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, соның ішінде, ақпараттық технологияларды терең меңгерген, бүгінгі жылдам өзгермелі қоғамға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру. Олардың ақпараттық технологияларды (компьютерлік оқыту құралдары, мульти-медиалық оқулықтар, Интернет желісі және т.с.с.) пайдаланып, оқу үрдісін ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

Физиканы оқыту технологиясы мен әдістемесі бір-бірімен тығыз байланысты. Физиканы оқыту әдістемесі «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады [3].

Жаңа технология бойынша оқыту құралдарында студенттердің өздігінен танымдық іс- әрекетін жүргізе алатындай болуы қажет. Оқулықтағы теориялық және практикалық материалдардың берілу жолы осы мақсатты қанағаттандыра алатындай, студенттердің өз бетімен білім алуына бейімделіп жасалуы осы мүмкіндіктерді жүзеге асырады.

Қазіргі кезде көптеген жаңа технологиялармен қатар, физика сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны оқушыға, студентке беру үдерісі [4].

Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білім беретін ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен байланыстыру.


Ақпараттық технологиялардың негізгі міндеттері:

- Сабақта ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану;
- Практикалық тапсырмаларды анықтап, оны орындау;
- Ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізу.

Ақпараттық технологиялардың қағидалары:

- Жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Технологиялық құралдар арқылы игерілетін тапсырмалар мен мәліметтердің түсініктілігі;
- Білімділік пен тәрбиенің бірлігі;
- Жалпы компьютерлік сауаттылық;
- Оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы.

Жаңа ақпараттық технология құралдары оқыту құралы қызметін атқарады (1-сурет).



Сурет 1. Жаңа ақпараттық технология құралдары

Физика пәнінен ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлерін етоқталып өтейік. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі құралдарының бірі – интерактивті тақта, мұнда мультимедиялық және он-лайн сабақтарын өткізуге болады.

«Интерактивті» сөзін ағылшын тілінен аударғанда «бірлесіп әрекет жасау» деген мағынаны білдіреді. Білім берудегі интерактивті технология – бұл сабақ барысында студенттердің ұжымдық жұмыс жасауын қамтамасыз ететін, бірін-бірі толықтыратын және барлық студенттердің қатысуын ұйымдастыратын оқыту технологиясы. Бұл құрылғы компьютер, мультимедиялық проектор және ақпараттарды енгізуге арналған активті қаламнан, интерактивті қаламнан тұрады. Интерактивті тақта интернеттен ақпаратты алуға мүмкіндік жасаумен бірге, оқытушылар үшін керемет көрнекі құрал да бола алады. Физика бойынша сабаққа қажетті материалдарды алдын-ала дайындап қойып, сабақ барысында пайдаланудың тиімділігі өте жоғары болатыны белгілі. «Activstudio» және «Smart Notebook» программаларында физика пәннің оқытушылары өзінің сабағында қолданатын материалдарды алдын-ала компьютерге енгізіп, сақтап қоя алады. Дәрістік, практикалық тапсырмалар, топпен жұмыс істеу, ақпараттық технологияларды қолдана отырып, сабақта презентацияларды құру, графикалық, мәтіндік, кестелік редакторларда еркін жұмыс істеу, жаппай студенттерді пән сабақтары бойынша сұрақ-жауаптармен тестілеу, электронды оқулықтарды, видео, аудио, фото нысаналармен жұмыс жүргізу жолдарын қолдануға болады [5].

Міне осы талдау жасалған мәселелерді ескере отырып, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің математика, физика және информатика институтында «Физика» кафедрасында қазіргі уақыт талабына сай физиканы оқытуда пайдаланатын көптеген дидактикалық материалдардың электрондық нұсқалары жинақталып, оның электрондық қоры құрылды.

Олар:

- әр түрлі виртуалды демонстрациялар (барлығы 231, соның ішінде, молекулалық физика – 16, оптика – 8, нақты газдар мен сұйықтар – 5, жылу және жұмыс – 8, физикалық оптика – 22, жалпы физика – 93, электр және магнетизм – 79);
- физикадан электрондық энциклопедия;
- ғалымдардың өмірбаяндарына арналған және іргелі тәжірибелерді бейнелейтін минифильмдер (барлығы – 88, соның ішінде, механика – 11, молекулалық физика және термодинамика – 20, электр және магнетизм – 23, электрмагниттік толқындар – 34);
- студенттерге арналған плакат, сызба кестелер (барлығы 21);
- оқулықтардың электрондық нұсқалары (барлығы 152);
- электронды оқулықтар жүйесімен (барлығы 21) қамтылған.

Жаңа ақпараттық технологияларды физика пәнінен сабақ беруде қолдану кеңінен қарастырылған.

Институт аудиторияларында интерактивті тақта орнатылған. Болашақ физика пәні мұғалімдерін дайындауда әр түрлі тақырыпты түсіндіру кезінде осы материалдар пайдаланылады [6].

Мысалы, «6М011000- Физика»мамандығындағы «Жоғары және орта мектептегі физикалық білімнің өзекті мәселелері» сабақта студенттерді мектеп физика курсынағы Максвеллдің электрмагниттік толқындар теориясын оқытуды дамытып, жетілдірудің дидактикалық негіздерін жасауға дайындауда, электрмагниттік толқындар теориясының құрылымдық кестесін көрсетеміз (1-кесте).

Кесте 1. Максвеллдің электрмагниттік өріс теориясының құрылымдық жүйесі

Фактілер, тәжірибелер	Идеялар, болжамдар	Анықтамалар, негізгі ұғымдар, қорытындылар	Экспериментте дәлелденуі және қолданылуы	Қолданылу шегі
-Кулон заңы -Эрстед тәжірибесі -Ампер тәжірибесі -Ом заңы -Фарадей тәжірибесі -Лоренц күші -Ленц ережесі	-жақыннан әсер ету теориясы туралы болжам; -құйынды электр өрісінің болуы; -ығысу тоғы туралы болжам	Электрмагниттікөріс-материяның бір түрі Д.К.Максвелл. 1865 ж. Электрмагниттіктолқын $c = \lambda \cdot \nu$ Жарық–электрмагниттік толқын	Г.Герц тәжірибесі 1888 ж. А.С.Поповтық радиотолқын 1895 ж. Электрмагниттік өріс қысым тудырады П.Н.Лебедевтің тәжірибелері	Микроәлемге қолдануға болмайды, абсолют қара дененің жылулық сәуле шығаруын түсіндіре алмады, сызықтық спектрді түсіндіре алмауы.

Магистранттар төрт топқа бөлініп, осы кестедегі: фактілер, тәжірибелер; идеялар, болжамдар; анықтамалар, негізгі ұғымдар, қорытындылар; экспериментте дәлелденуі және қолданылуы тақырыптарында электрондық қорды пайдаланып презентацияларын дайындап, оны қорғайды.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл студенттерді өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін оқытушы өткізетін сабағының түрін дұрыс тандай білуі қажет.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл оқытушыға физика сабақтарындағы оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, әрі сабаққа қажетті тарихи материалдарды пайдаланып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре білуге, оны дамытуға толық жағдай жасайды.

Сабақта компьютерді пайдаланудың тиімділігін былай саралап көрсетуге болады.

1. Студент пен оқытушының оң қатынаста болуына ықпал етеді. Олай дейтініміз, студенттер компьютермен тікелей қатысты болғандықтан өзін еркін сезінеді.

2. Компьютермен жұмыс барысында студенттердің белсенділік, жауапкершілік және өзіндік шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Студент өз бетінше еңбектенеді. Өз еңбегінің нәтижесін көреді. Өзін-өзі қадағалауға мүмкіндік туады. Тапсырмаларды оқытушыныңкөмегісіз орындайды. Сол арқылы ойлау және есте сақтау қабілеттері дамиды.

3. Берілетін материал бірсарынды болып, тек оқытушы ғана сөйлейтін болса, студенттер тез жалығады, сабақ сәтсіз аяқталады. Осындай көңілсіз жағдайларды болдырмау үшін физика сабағында компьютер арқылы студенттердің белсенділігін арттыратын элементтер қолданылады. Мысалы, іргелі теориялардың құрылымын көрсететін кестелер:

1. Электронды оқулықтың тиімділігі
2. Жалпы теорияның құрылымы
3. Классикалық механика теориясының құрылымы
4. Мектеп физикасындағы теорияның құрылымы
5. Классикалық механика теориясының құрылымдық жүйесі
6. МКТ және термодинамика негіздерінің құрылымдық жүйесі
7. Электрдинамика бөлімінің құрылымы
8. Классикалық электрондық теорияның құрылымдық жүйесі
9. Максвеллдің электрмагниттік өріс теориясының құрылымдық жүйесі
10. Салыстырмалылықтың арнаулы теориясының құрылымдықжүйесі
11. Кванттық физика теориясының құрылымдық жүйесі.

Дидактикалық үлестірімелер (жалпы физика бөлімінен тест, бақылау жұмыстары), түрлі ребустар, суреттермен жұмыс кросвордтарын жатқызуға болады. Сондай-ақ, мини фильмдер: Джеймс Максвелл; Эрстед тәжірибесі; Майкл Фарадей; Фотоэффект; Генрих Герц және радиотолқындар; Фуко тоғы және т.б. бар.

Ақпараттық технологияның оқытушы жұмысына тиімділігі – студенттердің біліміндегі олқылықтарына үнемі зерттеу жүргізіп, түзету жұмыстарымен айналысуға пайдасы бар.

Қазіргі қоғамның даму қарқыны оқытушылар шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету оқытушыдан шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Компьютер және ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісі студенттердің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Қорыта келгенде, оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды қолданып оқыту арқылы дүниенің тұтастығын түсінеміз, жалпы интеллекттің артуына ықпал жасаймыз. Ал біздің жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде қолдану жаңа оқу пәндерінің пайда болуына алып келеді және осыған байланысты оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін қарастырудың өзектілігі артады. Компьютерлік коммуникация – білім беру және оны жеткізумен қамтамасыз ете отырып, жоғарыда аталған технологиялардың барлығының ажырамас құрамы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік программасы. – Астана, 2012.
2. Кузьмина Н.В. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся. // Вопросы психологии. - №1, 2009. – С.20.
3. Ақитай Б.Е. Физиканы оқытуды теориясы және әдістемелік негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 279 б.
4. Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы, 2005. – С.136.
5. Садықов Б.Қ. Интерактивті тақта – гажайып құрал. //Алтын ұя газеті.-2008. №02 (178) – 24 қаңтар.
6. Наглядная физика // Виртуальная образовательная лаборатория. [Электрон.ресурс] - URL: <http://www.virtulab.net/index.php>

ӘОЖ 378.147.88
МРНТИ 14.35.09

Ә.Ә. Ақжолова¹, М.С. Молдабекова², Ә.Б. Абдулаева³

¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
Талдықорған қ., Қазақстан

²ф.-м.ғ.д., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры, Алматы қ., Қазақстан

³І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы,
Талдықорған қ., Қазақстан

КӘСІБИ ПӘНДЕР ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада педагогикалық ЖОО-ы студенттерінің зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастырудың кейбір аспектілері қарастырылады. Авторлар кеңейген ой-өрісі бар және арнайы құзіреттіліктерді меңгерген болашақ маманның тұлғалық білімімен байланысты бұл ұғымның негізгі құраушыларын байланысын ашып көрсеткен. Мақалада «құзіреттілік», «зерттеу құзіреттілігі» ұғымдары талданған. Дублин дескрипторларына сәйкес физикалық мамандықтардағы зерттеу құзіреттілігін қалыптастырудың құрылымы жүйеленген және студенттердің зерттеу құзіреттілігін қалыптастырудағы зертханалық жұмыстардың рөлі айқындалған. Қазіргі кезде зерттеу құзіреттілігін

калыптастыруды жүзеге асыру ЖОО-дағы маңызды мәселелердің біріне айналып отыр, себебі соның нәтижесінде студенттерде физикалық заңдылықтарды жалпылау мен талдау қабілетін дамытатын құзыреттіліктер қалыптасады.

Түйінді сөздер: физика, құзіреттілік, зерттеу құзіреттілігі, зерттеу жұмысы, құзіреттілікті қалыптастыру.

Аннотация

А.А. Акжолова¹, М.С. Молдабекова², А.Б. Абдулаева³

*¹старший преподаватель Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова,
г. Талдықорган, Казахстан*

²д.ф.-м.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

³преподаватель Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова, г. Талдықорган, Казахстан

**ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ
НА ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЯХ ПО ПРОФИЛИРУЮЩИМ ДИСЦИПЛИНАМ**

В предлагаемой статье рассматриваются некоторые аспекты формирования исследовательской компетентности студентов педагогического вуза. Авторы раскрывают основные составляющие данного понятия, которое связано с личностным образованием будущих специалистов, обладающих широким кругозором и специальными компетенциями. В статье анализируются понятия «компетентность», «исследовательская компетентность». Авторы систематизировали структуру формирования исследовательской компетентности согласно Дублинским дескрипторам и выявили роль лабораторных работ в формировании исследовательских компетенции студентов. Практическая реализация формирования данной компетентности представляет собой один из актуальных вопросов образовательной практики высшей школы, в результате которой формируются компетенции, развивающие способности к обобщению и анализу рассматриваемых физических закономерностей.

Ключевые слова: физика, компетентность, исследовательская компетентность, исследовательская работа, формирование компетентности.

Abstract

Akzholova A.A.¹, Moldabekova M.S.², Abdulayeva A.B.³

¹Senior Lecturer of Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

²Dr. Sci.(Phys.-Math), Professor of Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

³Senior Lecturer of Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

**THE FORMATION OF RESEARCH COMPETENCES OF STUDENTS
ON PRACTICAL CLASSES OF PROFILE SUBJECTS**

In the present article discusses some aspects of the formation of research competences of university students. The authors reveal the basic components of this concept, which is associated with personal education of future specialists and special competencies. The article analyzes the associated concept of "competence", "communication competence". The structure of formation research competences according to the Dublin descriptors are systematized and highlighted the role of laboratory work in groups research skills of students. The practical implementation of this competence represents one of the pressing issues of educational practice of higher school, which is formed the competence, developing the ability to generalization and analysis of the physical laws.

Key words: physics, competence, research competence, research work, formation competences.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. «Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді» [1].

Физикалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарындағы білім берудің дамуының қазіргі кезеңі – оқу үдерісіндегі физиканың жаңа жетістіктері мен ғылыми зерттеулердің интеграциясымен, сонымен қатар, құзіреттіліктер арқылы анықталатын білім сапасының жоғары деңгейінің қажеттілігімен байланысты. Осыған сәйкес, физикалық мамандықтар бойынша педагогикалық кадрларды дайындауда білімгерлердің зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады. Сондықтан, педагогикалық оқу орнында білім алған білімгер белгілі бір құзіреттіліктер жиынына ие болуы керек.

Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жеке тұлғаның танымға, ойлауға және әрекетке қатысын, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Жоғары оқу орындарында құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қабілетін қояды. Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартында «білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар» деген бөлімде оқытудан күтілетін нәтижелер Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді [2]. Аталған дескрипторларға сәйкес физикалық мамандықтардағы зерттеу құзіреттілігін қалыптастырудың құрылымы 1-суретте келтірілген.

Осыған сәйкес, зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру – күрделі көп дейгейлі динамикалық процесс. Жалпы жағдайда, біз зерттеу құзіреттілігін ғылыми білімдердің, құралдар мен әдістердің болашақ маманға қажетті тұлғалық және кәсіби қасиеттердің интегралдық сипаттамасы ретінде қарастырамыз [3].

Білімгерлер физика курсы бойынша білім беру мазмұнын адамзат қызметінің әр түрлі саласында қолдана алуы үшін теориялық және практикалық білімдерді органикалық үйлестіре алуы қажет. Физикалық тәжірибелерді орындағанда білімгерлердің дағдыларын дамыту және қазіргі заманғы техникада қолданылатын физиканың ең маңызды жетістіктерін таныстыру үшін зертханалық жұмыстардың жасалуы маңызды.

Зерттеу құзіреттілігі, оның құраушылары мен құрылымдық элементтері түсінігінің, зерттеу құзіреттілігі мен зерттеу біліктіліктерінің ғылыми зерттеудің әдістемесімен объективті байланысының сараптамасы негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады: білімгерлердің физика пәні бойынша зерттеу құзіреттілігінің негізгі құрылымдық элементі ретінде ғылыми зерттеудің әдістемесімен анықталатын кезеңдерге сәйкес ғылыми немесе оқу зерттеу жұмысын жасауға дайын және қабілетті болуы жатады.

Қабілеттілік

- дамушы физикалық білімдер мен түсініктерді, ғылыми-зерттеу әрекетінің принциптері, формалары мен әдістері туралы білімдерді көрсете алу;
- меңгерілетін физикалық пәндердің құрылымынан ғылыми және оқу зерттеуі үшін қажеттіні сұрыптап алу;
- теориялық немесе эмпирикалық деңгейдегі зерттеу арқылы мәселені қалыптастыру және оның зерттелетін саламен байланысты пәнаралық облыста шешімін табу.

Біліктілік

- танымның ғылыми әдістерін кәсіби қызметінде пайдалана алу;
- белгіленген физикалық жағдайды теориялық немесе эксперименттік зерттеудің міндетері мен критерийлерін құрастыру;
- зерттеуді жоспарлау барысында концепцияларды, теориялар мен физикалық құбылыстарды зерттеудің жолдарын критикалық сараптау;

Дайындылық

- зерттеуді дайындау барысында теориялық материалды меңгеру және сараптау, сонымен қатар эксперименттік зерттеуге қажетті жағдайды дайындау;
- ақпараттық-сараптамалық, ақпараттық-библиографиялық жұмысқа және жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып эксперименттік-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жалпылауға дайын болу;
- қажетті эмпирикалық және теориялық физикалық зерттеу әдістерін толық көлемде орындау, алынған нәтижелерді талдап, сараптау.

Сурет 1. Зерттеу құзіреттілігі құрылымының моделі

Физиканы оқыту барысында білімгерлердің зерттеушілік құзіреттілігінің қалыптасуының әдістемелік жүйесі бес құраушыдан тұрады:

1. Жүйенің басты элементі оның мақсаты: физиканы оқыту барысында білімгерлердің зерттеушілік құзіретін қалыптастыру;

2. Құрастырылатын әдістемелік жүйенің мазмұнына:

– *Түсініктер* – ғылыми зерттеу, ғылыми зерттеу әрекеті, зерттеушілік біліктер, зерттеушілік құзіреті, физикалық жағдай, жалпыланған физикалық жағдай, ғылыми зерттеу әдіснамасы, ғылыми зерттеудің кезеңдері.

– *Бейнелер* – физикалық жағдайлардың, объектілердің, құбылыстардың, түсініктердің және т.б. бейнелері.

– *Операциялар(әрекеттер)* – ғылыми жоба ретінде эмпирикалық немесе теориялық деңгейдегі физикалық зерттеулерді орындау, арнайы белгіленген теориялық материалды зерттеу, белгіленген физикалық жағдайды эксперимент әдістерімен шешу мәселелері енеді.

3. Әдістемелік жүйедегі оқыту (оқу әрекетінің) формалары:

– *Дәрістер* – теориялық материалды баяндау, физикалық жағдайды белгілеу, зерттеу мәселелерін анықтау.

– Есептер шығару бойынша жүргізілетін семинар және практикалық сабақтар – стандартты есептерді шығару, физикалық міндеттерді құрастыру, физикалық есептер жүйесін құрастыру.

– *Зертханалық жұмыстар* – стандартты зертханалық жұмыстарды орындау, субъективті жаңа білім алу үшін физикалық жағдайды зерттеу, зерттеу нәтижелерін талдау.

– *Білімгерлердің өзіндік жұмыстары* – теориялық және эмпирикалық деңгейдегі зерттеу жұмыстарын орындау: жеке, жұптасып немесе топтық, зерттеулер бойынша курстық жұмыстарды орындау, ғылыми зерттеу деңгейінде түлектік жұмысты жасау.

4. Оқыту (оқу әрекетінің) әдістері:

– *Оқудың теориялық әдістері* – ойлау операциялары: анализ және синтез, салыстыру, абстрактілеу, нақтылау, жалпылау, индукция және дедукция, идеализация, аналогия, моделдеу, ойша эксперимент.

– *Оқудың теориялық әдістері* – танымдық әрекеттер: тәжірибеде тексерілген ғылыми теориялар, дәлелдеулер, дедуктивті (аксиоматикалық) әдіс, индуктивті-дедуктивті әдіс, келіспеушіліктерді анықтау және шешу әдісі, мәселені анықтау, гипотезаларды құрастыру.

– *Эмпирикалық әдістер* – оқу операциялары: әдебиеттерді меңгеру, бақылау, өлшеу, тәжірибелерді орындау, моделдеу, компьютерлік экспериментті жасау, интернет желісін пайдалану.

– *Эмпирикалық әдістер* – оқыту операциялары: түсіндірмелі-бейнелік, репродуктивті, мәселелік оқыту, зерттеушілік оқыту.

5. Оқыту (оқудың, ғылыми зерттеу әрекетінің) құралдары:

– *Оқытудың материалдық құралдары* – оқу құралдары, мақалалар, монографиялар, физикалық есептер жинағы, зертханалық жұмыстың сипаттамасы, электрондық құралдар, эксперимент қондырғылары.

– *Оқытудың математикалық және ақпараттық құралдары* – математикалық анализ, ықтималдық теориясы мен математикалық статистика, компьютер және эксперимент қондырғыларын компьютермен байланыстыратын интерфейс жүйесі, компьютерлік программалар мен интернет желісі, кітапханалардың, ғылыми орталықтардың мәліметтер базасы.

– *Оқытуды бақылау және диагностика:*

– *Өзіндік бақылау* – теориялық және эмпирикалық деңгейдегі нәтижелерге өзіндік бақылау жүргізу, білімгерлердің өзіндік жұмысы ретінде білімгерлердің шағын тобының зерттеуін өзіндік бақылау. *Оқытушының бақылауы* – білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында, теориялық материалды талқылауда, білімгерлердің эксперименттік жұмысын ағымды және қорытынды бақылау.

– *Сараптама баға* – білімгерлердің семинарларда, курстық және түлектік жұмысын қорғауы кезінде, ғылыми конференцияларда баяндама жасауы, жинақтар мен журналдарға тезис пен мақала жариялауы. *Диагностика* – зерттеу жұмысын орындау диагностикасының талаптарына үш деңгейді жатқызуға болады: жеткілікті, орта және жоғары [4]. Физика бойынша білімгерлердің зерттеушілік құзіреттілігінің қалыптасуының аталған әдістемелік жүйесінде зертханалық жұмыстардың орындалуы маңызды роль атқарады. Әрбір зертханалық жұмысқа әдістемелік нұсқаулықтар жасалады және оны орындау үшін білімгер жұмыс барысын ұйымдастырып, қажетті тәжірибелік қондырғыларды қолдана отырып зерттеу әдістемесін таңдауды және ғылыми есеп дайындауды үйренуі керек.

Молекулалық физика пәні бойынша орындалатын «Ауаның тұтқырлық коэффициентін капиллярлық әдіспен анықтау» зертханалық жұмысын қарастырайық.

Жұмыстың мақсаты: ауаның ішкі үйкелісін газдардағы тасымалдау құбылысы ретінде зерттеу. Жұмыстың мақсатына сәйкес зертханалық жұмысты орындау барысында білімгер келесі әрекеттерді

орындайды: жұмыстың теориялық бөлігін меңгереді; тәжірибелік қондырғының дайындығын тексереді; реометрдің көрсетуі арқылы ауаның көлемдік шығынының мәнін анықтайды; монометрдегі қысым өзгерісін өлшейді; өлшеу нәтижелерін кестеге тіркеп отырады; әрбір өлшем үшін Пуазейль формуласы арқылы ауаның үйкеліс коэффициентін анықтап, өлшеу нәтижесінің қателігін бағалайды.

Аталған жұмысты орындау барысында білімгерлерде тасымалдау құбылыстары тақырыбы бойынша негізгі түсініктер мен заңдарды білу; зертханалық жұмысты жасау алдында қажетті ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай алу; зерттеу міндеттерін шеше алу; зерттеу кезеңдерін дұрыс орындау; тәжірибелік қондырғылармен өздігінен жұмыс жасай алу; зерттеу нәтижелерін талдау және қорғай алу құзіреттіліктері қалыптасады.

Сонымен, зерттеу жұмысын орындау бойынша білімгерлердің әрекеті зерттеуді құрастыру, технологиялық дайындық, зерттеуді орындау, нәтижелерді талдау және өзіндік әрекеттің рефлексиясы кезеңдеріне сәйкес келеді; аталған кезеңдер ғылыми-зерттеу әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік сұлбасына негізделген. Сондықтан білімгерлерде зерттеу құзіреттілін қалыптастыру мәселесі зертханалық жұмыстардың сапалы орындалуымен тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Государственный общеобязательный стандарт высшего и послевузовского образования. Утв. постановлением Правительства РК от 23 августа 2012 года № 1080.
3. Молдабекова М.С., Абдулаева А.Б. Формирование исследовательской компетентности обучающихся при исследовании диффузионного смешения газов //Материалы Международной студенческой научно-практической конференции «Молодежь. Наука. Будущее». - Оренбург, 2016 г. – С. 10-12.
4. Молдабекова М.С. Развитие исследовательской компетентности обучающихся по физике при решении профессиональных задач //Вестник. Сер. «Физико-математические науки». - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2015. - №3(51). - С.178-183.

УДК 539.3

ГРНТИ 27.35.31; 30.19.15

Н.К. Аширбаев¹, Т.С. Султанбек², Ж.Каратаев³, Ш.Е. Алтынбеков⁴

*¹д.ф.-м.н., профессор Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан*

*^{2,3}к.ф.-м.н., доцент Южно-Казахстанского государственного университета им. Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан*

*⁴старший преподаватель Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ВОЛНОВОГО ПОЛЯ В ПЛОСКОМ ТЕЛЕ С СИММЕТРИЧНО-РАСПОЛОЖЕННЫМ ПРЯМОУГОЛЬНЫМ ВЫРЕЗОМ

Аннотация

Работа посвящена обобщению разностного метода пространственных характеристик на случай плоской задачи о распространении волн в прямоугольной области конечных размеров с симметрично-расположенным прямоугольным вырезом на боковых границах. На основе разработанной в работе численной методики, получены расчетные конечно – разностные соотношения динамических задач в угловых точках прямоугольного выреза, где нарушается «привычная» для динамических задач гладкость функций. В этих угловых точках первые и вторые производные искомым функций терпят разрыв первого рода. Результаты исследования доведены до численного решения. Исследован эффект концентрации напряжений в окрестности выреза и показано, что влияние вырезана распределение скоростей частиц, на распределение напряжений имеет локальный характер.

Ключевые слова: упругая, волновой процесс, напряжение, скорость, разрыв, численное решение.

Аңдатпа

Н.Қ. Әшірбаев¹, Т.С. Сұлтанбек², Ж. Қаратаев³, Ш.Е. Алтынбеков⁴

БҮЙІР ШЕКАРАЛЫҚ ҚАБЫРҒАЛАРЫНДА СИММЕТРИЯЛЫ ОРНАЛАСҚАН ТІКТӨРТБҰРЫШТЫ ТІЛКІТЕРІ БАР ЖАЗЫҚ ДЕНЕДЕГІ ТОЛҚЫНДЫҚ ӨРИСТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

¹ф.-м.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің профессоры, Шымкент қ., Қазақстан

^{2,3}ф.-м.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің доценті, Шымкент қ., Қазақстан

⁴М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің аға оқытушысы, Шымкент қ., Қазақстан

Жұмыс бүйір шекаралық қабырғаларында симметриялы орналасқан тіктөртбұрышты тіліктері бар тіктөртбұрышты денедегі толқындардың таралу есебін шешуге кеңістіктік сипаттамалар айырымдық әдісін жалпылауға арналған. Жұмыста жалпыланған сандық әдістің көмегімен динамикалық есептер үшін «әдеттегі» тегістігі бұзылатын тіктөртбұрышты тіліктің бұрыштық нүктелерінде ізделінді функцияларды табуға арналған есептеу қатынастары алынды. Бұл бұрыштық нүктелерде ізделінді функциялардың бірінші және екінші ретті туындылары бірінші текті үзілісті. Зерттеу нәтижесі сандық шешім алынғанға дейін жүргізілді. Тік бұрышты тіліктің бұрыштық нүктелерінің маңайында кернеуліктің динамикалық концентрациясы зерттелді және тіліктің жылдамдық пен кернеудің таралуына жергілікті түрде әсері бар екендігі көрсетілді.

Түйінді сөздер: серпімді, толқындық процесс, кернеу, жылдамдық, үзілісті, сандық шешім,

Abstract

Ashirbayev N.K.¹, Sultanbek T.S.², Karatayev Zh.³, Altynbekov Sh.Y.⁴

¹Dr. Sci. (Phys.-Math), Professor of M.Auezov SouthKazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

^{2,3}Cand. Sci. (Phys.-Math), Assoc.Prof. of M.Auezov SouthKazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

⁴Senior Lecturer of M.Auezov SouthKazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

FEATURES OF THE WAVE FIELD IN A FLAT BODY WITH SYMMETRICALLY ARRANGED RECTANGULAR CUTOUT

The work is devoted to the generalization of different methods of spatial characteristics in the case of two-dimensional problem of wave distribution in a rectangular region of finite size with symmetrical rectangular cut out on the lateral boundaries. On the basis of developed numerical methods in this work are obtained calculational finite difference relations of dynamic problems in angular points of rectangular cut outs where the smooth function which is habitual for dynamic problems is fractured. In this angular corner, the first and the second derivatives of the required function suffer the first kind abruption, the research are escalated to the computational solution. The effect of intensity concentration in the vicinity of cut-out is revealed and the cut-out impact on distribution of particle speed and on intensity distribution carries a local character.

Keywords: elastic, wave process, intensity, speed, abruption, computational solution.

Прогнозирование динамических волновых процессов в твердых телах конечных размеров с учетом ряда ослабляющих факторов (разрывы в граничных условиях, отверстия, полости, вырезы и т.д.) путем математического моделирования с целью определения характера возможных повреждений представляет помимо чисто научного интереса, важное прикладное значение, определяемое запросами инженерной практики.

Для большинства конструкций, применяемых в строительстве, машиностроении и других отраслях техники характерно наличие различных нарушений сплошности в виде отверстий, выточек, пазов, выступов и т.п., обусловленных либо технологией изготовления, либо эксплуатационными требованиями. Возле таких несплошностей возникает, как известно, явление местного искажения напряжений и деформаций, называемое обычно концентрацией напряжений. Эти эффекты вносят существенное изменение в «средние» напряжения и нередко являются причиной разрушения. На качественные и количественные эффекты концентрации напряжений влияют разнообразные причины, связанные с геометрией концентратора, видом воздействия, реальными свойствами материала. Поэтому проблеме концентраций напряжений уделяется в современной технике огромное внимание, что нашло отражение в практически необозримом количестве отечественных и зарубежных исследований, а также специальных монографиях и справочных руководствах. В целом, количество работ, посвященных динамическим задачам с учетом ряда ослабляющих факторов, очень невелико, в них рассматриваются далеко не все аспекты их работоспособности в условиях действия нестационарных внешних нагрузок [1-6]. Однако интерес к этим проблемам, обусловленный, в первую очередь, важностью решения сложных практических задач, велик, и дальнейшее совершенствование численных методов в различных модификациях с использованием все более совершенной электронно-вычислительной техники должно привести к существенному развитию данного направления.

Постановка задачи. Найти функции v_1, v_2, p, q, τ , которые в прямоугольной полосе $0 \leq x_1 \leq l$, $-L \leq x_2 \leq L$ с симметрично-расположенным прямоугольным вырезом на боковых границах (рисунок 1) удовлетворяют уравнениям [7]:

$$v_{1,t} - p_{,1} - q_{,1} - \tau_{,2} = 0; v_{2,t} - p_{,2} + q_{,2} - \tau_{,1} = 0; (1)$$

$$\gamma^2 (\gamma^2 - 1)^{-1} p_{,t} - v_{1,1} - v_{2,2} = 0; \gamma^2 q_{,t} - v_{1,1} + v_{2,2} = 0;$$

$$\gamma^2 \tau_{,t} - v_{1,2} - v_{2,1} = 0,$$

начальным условиям при $t = 0$

$$v_1(x_1; x_2; 0) = v_2(x_1; x_2; 0) = p(x_1; x_2; 0) = q(x_1; x_2; 0) = \tau(x_1; x_2; 0) = 0 \quad (2)$$

и следующим граничным условиям для $t \geq 0$:

$$v_1 = f(t), v_2 = 0 \text{ при } x_1 = 0, -L \leq x_2 \leq L, \quad (3)$$

$$p - q = 0, \tau = 0 \text{ при } |x_2| = L, 0 \leq x_1 \leq x_1^0 \text{ и } x_1^1 \leq x_1 \leq l \quad (4)$$

6. McFadden E.R. Respiratory heat and water exchange: Physiological and clinical implications // *J. Appl. Physiol.* 54. - 1983. - 331–336 pp.
7. Naftali S., Schroter R.C., Shiner R.J., Elad D. Transport Phenomena in the Human Nasal Cavity: A Computational Model // *Annals of biomedical engineering.* -1998. - 831-839 pp.
8. Maran A.G.D., and Lund V.J. *Clinical Rhinology* // New York: Thieme Medical. - 1990.
9. Андерсон Д., Таннехилл Дж., Плетчер Р. Вычислительная гидромеханика и теплообмен. М.: Мир, 1990. Т. 2. - 337 с.
10. Андерсон Д., Таннехилл Дж., Плетчер Р. Вычислительная гидромеханика и теплообмен. М.: Мир, 1990. Т. 1 – 384 с.
11. Флетчер К. Вычислительные методы в динамике жидкостей. – Москва: Мир, - 1991., Т.2. – 552с.
12. Роуч П. Вычислительная гидродинамика. - М.: Мир, 1972. 612 с.
13. Chung T.J. *Computational fluid dynamics.* 2002. p.1034.

14. Issakhov A., *Mathematical modeling of the discharged heat water effect on the aquatic environment from thermal power plant* // *International Journal of Nonlinear Science and Numerical Simulation*, – 2015, 16(5), pp. 229–238, doi:10.1515/ijnsns-2015-0047.

15. Issakhov A., *Mathematical modeling of the discharged heat water effect on the aquatic environment from thermal power plant under various operational capacities* // *Applied Mathematical Modelling*, –2016, Volume 40, Issue 2, pp. 1082–1096 <http://dx.doi.org/10.1016/j.apm.2015.06.024>.

16. Issakhov A. *Large eddy simulation of turbulent mixing by using 3D decomposition method* // *J. Phys.: Conf. Ser.* – 2011 318(4), pp. 1282–1288, doi:10.1088/1742-6596/318/4/042051.

17. Chorin A.J. *Numerical solution of the Navier-Stokes equations* // *Math. Comp.* –1968, 22, pp. 745–762.

18. Girardin, M., Bilgen E. and Arbour P. *Experimental study of velocity fields in a human nasal fossa by laser anemometry*. *Ann. Otol. Rhinol. Laryngol.* 92:231–236, 1983.

19. Karniadakis G.E., Kirby II R.M. *Parallel Scientific Computing in C++ and MPI: A Seamless Approach to Parallel Algorithms and their Implementation*. Cambridge University Press, p. 630, 2000.

20. Pacheco P. *Parallel Programming with MPI*. Morgan Kaufmann, p. 500, 1996.

УДК 004.421

ГРНТИ 50.05.19

А.Р. Тұрғанбаева¹, Г.К. Калиева²

¹п.э.к., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, Алматы қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Информатика» мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

ГЕНЕТИКАЛЫҚ АЛГОРИТМДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аңдатпа

Қазіргі таңда шешім қабылдауды автоматтандыруға байланысты, ғылым салаларының қарқынды дамуы байқалады. Сонымен қатар, оңтайландыру, үлестірілген және параллель жүйелерді жүзеге асыру есептері барынша өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұлар қарапайым математикалық әдістермен де жүзеге асырылады, алайда кейбір есептерге бірталай қосымша уақыт пен көлемді ресурстарды қолдану қажет болғандықтан, олар ерекше тәсілді, алгоритмді талап етеді. Олардың қатарына генетикалық алгоритмдерді жатқызуға болады. Бұл күндері генетикалық алгоритмдер есепті шешуде болашағы зор әдістерден қолжетімді, ыңғайлы және кеңінен қолданылатын әдіске айналып отыр.

Бұл мақалада эволюциялық есептеулерге байланысты генетикалық алгоритмдердің құрылымы және өзектілігі көрсетілген. Олардың артықшылығы, тиімділігі мен қолдану аясы туралы мағлұмат берілген. Генетикалық алгоритмнің жұмыс жасау принципі жете баяндалған.

Түйінді сөздер: биологиялық эволюция, эволюциялық есептеу, генетикалық алгоритмдер, оңтайлы шешімдер, оңтайлы әдістер, популяция, дарақ, жаңа ұрпақ.

Аннотация

А.Р. Тұрғанбаева¹, Г.К. Калиева²

¹к.п.н., доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

²магистрант 2-курса по специальности «Вычислительная техника и программное обеспечение»

Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ГЕНЕТИЧЕСКИХ АЛГОРИТМОВ НА ПРАКТИКЕ

В настоящее время происходит стремительное развитие отраслей науки, связанных с автоматизацией принятия решений. А также все более актуальными становятся задачи оптимизации, реализации распределенных и параллельных систем. Они могут быть реализованы простыми математическими методами, но так как для некоторых задач потребуется значительное время и объем ресурсов, для них существуют особые методы и алгоритмы. К их числу относятся генетические алгоритмы. На сегодняшний день генетические алгоритмы перешли из перспективных методов решения задач в доступные, удобные и широко применяемые методы.

В этой статье рассмотрены генетические алгоритмы, связанные с эволюционными вычислениями, раскрыта их актуальность. Приводятся сведения об их эффективности, преимуществах и сфере применения. Подробно изложен принцип работы генетического алгоритма.

Ключевые слова: биологическая эволюция, эволюционная вычисления, генетические алгоритмы, оптимальные решения, оптимальные методы, популяция, особь, новое поколение.

Abstract

Turganbayeva A.R.¹, Kalieva G.K.²

¹Cand. Sci. (Pedagogical), Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Student of Master Programme inof Computer Science of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

APPLICATION OF GENETIC ALGORITHMS IN PRACTICE

At the present time there is a rapid development of the branches of science related to the automation of decision-making. And also, optimization problems, the implementation of distributed and parallel systems become more and more urgent. They can be implemented by simple mathematical methods, but since for some tasks it will take considerable time and resources, for them there are special methods and algorithms. And they include genetic algorithms. Genetic algorithms have moved from promising methods of solving problems to accessible and widely used methods.

In this article, a genetic algorithm associated with evolutionary calculations is considered, its relevance is disclosed. Information on its effectiveness, advantages and scope is given. The principle of the genetic algorithm is described in detail.

Keywords: biological evolution, evolutionary computation, genetic algorithms, optimal solutions, optimal methods, population, individual, new generation.

Соңғы жылдары айтарлықтай практикалық мәселелерді шешуге, тиімді өзін-өзі оқыту жүйелерін дамытуға, оңтайлы шешімдерге қол жеткізу үшін биологиялық эволюция тетіктерін пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу қызығушылығы артты. Жаңа термин – эволюциялық есептеу пайда болды, ол компьютерде модельденетін жасанды эволюцияның барлық ғылыми-зерттеу бағыттарын біріктіреді. Осы салалар арасында генетикалық алгоритмдер басты рөлде, эволюциялық стратегиялар мен эволюциялық программалау, көптеген практикалық мәселелерді шешуде тиімді екенін дәлелдеді.

Классикалық әдістерге қарағанда, мысалы, қателерді рекурсивті болжау әдістері, Ньютон-Рафсон әдісі, эволюциялық алгоритмдер көптеген(популяция) өзара бәсекелес болатын есептің сыналатын шешімдерін пайдаланады. Іздеу кеңістігінің бір немесе бірнеше аймақтарына тоғысатын көптеген өзара байланыстағы стохастикалық траектория бойынша бір мезгілді қозғалыс жүреді. Нақты жағдайда, мақсатты функция кездейсоқ ауытқумен өзгереді, бұл қасиет эволюциялық алгоритмдерге қолайлы оңтайлы шешімдер табуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, биологиялық эволюцияға тән механизмді пайдаланып, кең ауқымды шарттарда эффективті болатын алгоритм құруға мүмкіндік туады[1].

Генетикалық алгоритмдер биологиялық жүйенің жұмыс істеуін бақылау нәтижесінде пайда болған. Генетикалық алгоритм – бұл бейімді іздеу әдісі, аналитикалық шешімі жоқ немесе болмаса күрделі мәселелерді шешу, биологиялық эволюция механизмдері секілді жүйелі таңдау мен ізделінді параметрлерді топтастырып, қанағаттанарлық шешімді табуға мүмкіндік береді.

Генетикалық алгоритм туралы алғашқы басылым Н.А. Баричеллиге тиесілі. Оның "Symbiogenetic evolution processes realised by artificial methods" (1957 ж.), "Numerical testing of evolution theories" (1962 ж.) еңбектері табиғатқұрым қуалаушылық феноменін түсінуге бағытталған. 1966 жылы Л.Дж. Фогель, А.Дж. Оуэнс, М.Дж. Уолш символдарды сандық ретпен болжайтын жай автоматтар эволюциясын ұсынып, зерттеген.

Генетикалық алгоритмдер теориясының қазіргі заманғы атасы саналатын Д.Х. Холландтың 1975 жылы жарық көрген атақты «Adaptation in Natural and Artificial Systems» кітабында сұлбалар теоремасын ұсынды. Ол генетикалық алгоритмдердің тіркелген параметрлер жиынымен жинақталған аналитикалық негіздеуі екенін және де генетикалық операторлардың негізгі идеясы мен репродуктивті жоспарын ұсынды. Кітабында алғаш рет "генетикалық алгоритм" терминін енгізген және генетикалық алгоритмнің классикалық схемасын ұсынған. Сонымен қатар, Д.Х. Холландты табиғи жүйелердің бейімделуі қызықтырды, ал арманы кез келген қоршаған орта жағдайларына бейімделе алатын жүйе құру болды.


Қазақстанда генетикалық алгоритмге қызығушылық соңғы жылдары артуда. Көптеген ұлттық университеттерде, зерттеу орталықтарында генетикалық алгоритм қолданылатын жұмыстар аз емес. Солардың бірі Н.Б. Калиеваның, А.М. Касенханның, А.С. Солонуханың және т.б. көптеген ғылыми жұмыстарда қолданыс тапқан[2-4].

Дәстүрлі аналитикалық әдістер нақты сандарды пайдаланатын болса, адам шешімі математикада нақты емес жиындар түрінде берілуі мүмкін. Нақты емес жиындар лингвистикалық айнымалылар тұжырымдамасының негізін құрады, олардың белгілері сөздер емес, сандар болады. Осындай айнымалылармен генетикалық алгоритмдер жұмыс жасай алады. Генетикалық алгоритмдер артықшылығы, олар тек бір ғана дәлдік немесе нақты шешім ғана емес, ең жақсы шешім таңдап алуға болатын, барлық мүмкін шешімдер тобын іздестіреді. Ұқсас барлық кіріс деректер кластерлерге үлестіріледі, осылайша генетикалық алгоритмдерді өте көп параметрлі есептерде қолдануға болады.

Генетикалық алгоритмнің жұмыс істеу принципі [5]. Генетикалық алгоритм есептің шешімін кодтап отырған жолдарды ұсынатын, дарактар (популяция) жиынтығымен жұмыс істейді. Осы қасиетімен

генетикалық алгоритмдер тек бір шешіммен жұмыс жасап, жетілдіре беретін басқа оңтайландыру алгоритмдерінен ерекшеленеді. Бейімділік функциясы көмегімен дарақты популяция арасында ерекшелейді:


- айрықша бейімділерін (ең сай келетін шешім), олар будандасу мен ұрпақ тарату мүмкіндігін алады;
- ең әлсіздері (нашар шешім), олар популяциядан жойылып, ұрпақ таратпайды. Осылайша, жаңа ұрпақ өткен ұрпаққа қарағанда бейімділігі жоғары болады. Бұл 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Популяцияның қалыптасу алгоритмі

Алгоритм қадамы негізгі 3 сатыдан тұрады:

1. Ағымдағы ұрпақты іріктеу (*selection*) арқылы, аралық популяцияны генерациялау (*intermediate generation*).
2. Жаңа ұрпақты қалыптастыру, аралық популяцияны дарақтарға кроссовер (*crossover*) қолдану арқылы будандастыру (*recombination*).
3. Жаңа ұрпақтың өзгеріске ұшырауы. Бастапқы екі саты 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Бастапқы екі саты: іріктеу мен будандасу

Іріктеу. Аралық популяция – бұл көбеюге құқы бар дарақтар жинағы. Айрықша бейімді дарақтар осы жиынға бірнеше рет жазылуы мүмкін, ал ең әлсіздерінің мүлдем түспеу ықтималдығы жоғары. Іріктеуді жүзеге асырудың бірнеше тәсілдері бар:

– Стохастикалық таңдау (*stochastic sampling*). Әрбір дарақ рулетка дөңгелегінде оның бейімділігіне пропорционал болатын сектор мөлшерінде орналасқан болсын. Рулетканы N есе жүргізіп, аралық популяцияға қажет мөлшерде дарақтарды жазамыз.

– Қалдықты стохастикалық таңдау (*remainder stochastic sampling*). Әр дарақтың бейімділігі популяцияның орташа бейімділігіне қатысты қатынаста есептеледі. Бүтін бөлігі аралық популяцияға дарақтың қанша рет жазуға болатынын, ал бөлшегі оның тағы да бір рет түсу мүмкіндігін көрсетеді. Мұндай тәсілді келесі түрде жүзеге асыру ыңғайлы: рулеткаға айтылғандай етіп дарақтарды орналастырсақ, рулеткада бір тіл емес, N тіл болса және де олар бірдей секторды кесіп өтсе, рулетканың бір жүруі барлық N дарақтарды таңдап, аралық популяцияға жазады.

Будандасу. Аралық популяцияда дарақтар кездейсоқ жұптарға бөлініп, біршама ықтималдылықпен будандасады, нәтижесінде жаңа пайда болған екі тұқым жаңа ұрпаққа жазылады, егер олар будандаспаса, онда осы жұп жазылады.

Өзгеріс. Іріктеу мен будандасу арқылы алынған жаңа ұрпаққа популяцияны жергілікті экстремумнан «қағып жіберуге» және алдын-ала жинақтылықтан қорғаныс жасайтын өзгеріс операторы қолданылады.

Популяцияның әр дарағының біті біршама ықтималдылықпен инвертацияға ұшырайды. Бұл ықтималдылық әдетте 1%-тен төмен болады. Хромосомада бірнеше нүктелерді инверсия үшін таңдауға болады және олар да кездейсоқ болуы мүмкін. Бірнеше қатар келе жатқан нүктелер тобын инверсиялауға болады. Өзгеріске ұшырау бойынша таңдау ықтималдығы ұсынымдарының арасында $1/L$ немесе $1/N$ нұсқасын кездестіруге болады.

Эволюция – бұл биологиялық түрлердің тоқтаусыз онтайлану процесі. Эволюцияның мұндай процесі, шексіз жалғаса беруі мүмкін, сондықтан да тоқтату критериясы қолданылады. Анықталған ұрпақ саны немесе популяцияның жинақталуы (*convergence*) тоқтату критериясы бола алады. Популяцияның барлық

жолдары экстремумның біршама аймағында орналасқан және дерлік бірдей болса, бұл популяцияның жинақталу (*convergence*) жағдайы болып есептеледі. Сонда кроссовер популяцияны мүлдем өзгертпейді, ал өзгеріске ұшырайтын дарақтар бейімделу көрсеткіші төмен болғандықтан, құрып кетуге бейім болады. Осылайша, популяцияның жинақталуы, бұл шешімді оңтайландырады. Мәселенің түпкілікті шешімі соңғы ұрпақтың жақсырақ бейімделген дарағы болады.

Табиғи іріктеу, бейімділігі жоғары дарақтардың үлкен тұқым беретініне кепіл болады, ал генетикалық мұрагерлігінің арқасында, бұл тұқымдар ата-анасының жоғары бейімділігін сақтап қана қоймай, бірнеше жаңа қасиеттерге ие болады. Егер жаңа қасиеттер пайдалы болса, ол келесі ұрпаққа беріледі. Осылайша, биологиялық түрдің пайдалы қасиеттермен біртіндеп бейімділігі арта береді. Табиғатта түрдің оңтайландыру мәселесі қалай жүретінін біле отырып, біз нақты есептерге осы әдісті қолдана аламыз. Оңтайландыру есептері – тәжірибеде кең таралған, әрі маңызды класс болып табылады. Мұндай есептер арасында қарапайым жолмен шешілетіндері де бар, алайда дәл шешімі табылмайтыны да кездеседі. Оңтайландыру есептерінде кез келген бір функцияның бірнеше параметрлерімен жұмыс жасауға болады (оларды x_1, x_2, \dots, x_n деп белгілесек, ал мақсатымыз барынша көбейту немесе азайту болсын), $f(x_1, x_2, \dots, x_n)$, осы параметрлерге тәуелді болады. f функциясы мақсат функциясы деп аталады. Мысалы, егер мақсат функциясы (компания кірісін) барынша көбейту керек болса, онда компания қызметкерлер саны, өндіріс көлемі, жарнама шығыны, түпкі өнім құны және тағы сол сияқты басқарылатын параметрлер болады. Бұл параметрлер өзара тығыз байланысты, өйткені қызметкер санын азайта отырып, өндіріс көлемін түсіріп алуға болады. Математикада мұндай есептердің бірнеше шешу тәсілдері бар, егер мақсат функциясы тегіс және бір ғана локалды максимумы болса (унимодальды), онда оңтайлы шешімді градиент түсіру арқылы алуға болады. Бұл тәсілде оңтайлы шешім итерация арқылы алынады. Кездейсоқ бастапқы нүкте алынып, циклде бұл нүкте мақсат функцияның өсу бағытына қарай бір қадамға жылжып отырады. Градиентті алгоритм кемшілігі, функцияға жоғары талаптың қойылуы, тәжірибеде унимодальдылық сирек кездеседі, ал мақсатсыз функция үшін градиентті түсіру оңтайлы емес шешімге алып келеді. Көптеген есептерде параметрлер тек нақты белгілерді ғана қабылдай алады және де қалған нүктелерде мақсат функциясы белгілі болмайды, мұндай жағдайда принципті түрде басқа тәсілдер талап етіледі. Осындай жағдайда тәжірибеде қолдануға болатын жаңа оңтайландыру әдісі – генетикалық алгоритм қажет болады.

Сонымен қатар, бұл жаңа әдістер мидың нейрондық желілермен жұмыс істеу механизмін зерттеу нәтижелерінде қолданылатын, қарқынды дамып келе жатқан бағыт, тиімді интеграциялауға мүмкіндік береді. Бұл интеграция эволюциялық алгоритмнің мүмкіндіктерін көбейтіп, қолдану аясын кеңейтеді.

Математикада әр түрлі мәселелерді шешу үшін (кепілді нақты шешім алу мағынасында) өте сенімді үлкен әдістер класы бар. Алайда, бұл сенімді әдістер тәжірибеде шынымен күрделі мәселелерді шешуде жиі қолданылмайды. Әдетте мұндай мәселелер ұшы-қиыры жоқ секілді көрінгендіктен, оларды мағыналы шешуде қарастырылмайды. Мысалы, көлік тасымалдауымен айналысатын фирма, бағыт пен сапар кестесін оңтайландырудың орнына, артық жүргізуші жалдап, қызмет бағасын арттыра салады. Ал шет елдік нарықта, фирма қызметінің оңтайлылығы оның кірісіне айтарлықтай септігін тигізеді, сонымен қатар, нарықта нық тұруы үшін шешуші фактор болуы мүмкін [6]. Әдебиеттерде, көлік есептерінде құрамдасқан генетикалық алгоритм көмегімен шешу жолдары қарастырылған. Әрбір көліктің бағытына бірнеше шектеулер қойылып, олар келесі формулалар арқылы анықталады:

$$\sum_{k \in V} \sum_{j \in N} X_{ij}^k = 1, \forall i \in C \quad (1)$$

$$\sum_{i \in C} d_i \sum_{j \in N} X_{ij}^k \leq q, \forall k \in V \quad (2)$$

$$a_i \leq S_i^k \leq b_i, \forall i \in N, \forall k \in V \quad (3)$$

(1) шектеу, бұл бір клиентке тек бір рет және бір ғана көлік құралымен қызмет көрсетілетінін білдіреді. Ал айнымалылар $X_{ij}^k \in \{0,1\}$ белгілерін қабылдайды, 1 көлік i басынан j басына қозғалатынын, ал 0 керісінше қозғалысты білдіреді. Жоғары k индексі көлікті білдіреді, мұнда $\forall k \in V, V$ – жүк көтергіштігі q болатын бірдей көліктер саны. (2) шектеу, көлік құралы жүк көтергіштігі рұқсат беретіндей ғана клиентке қызмет көрсете алады. $d_i, i \in C$ – тиісті клиенттік сұраныс, C – көптеген клиенттер. (3) – бұл уақыт бойынша шектеу. Клиентке көліктің келуі арнайы уақыт терезесі шегінде болуы қажет, S_i^k – бұл сай көліктің анықталған клиентке келу уақыты, ал $[a_i, b_i]$ осы уақыт аралығында клиентке қызмет көрсетілуі керек. Осы есепке келесі мақсаттар тұжырымдалады (мақсаты функциялары): бастапқы мақсат

– барлық клиенттерге қызмет көрсететін жалпы көлік санын азайту, екінші мақсат – барлық қызмет көрсетілетін клиенттер мен барлық көліктердің жүріп өтетін жалпы жол арақашықтығын азайту.

Осындай шектеулерге генетикалық алгоритмнің іріктеу, будандасу, өзгеріс операторларын қолдана отырып эффективті түрде көлік есептерін шешуге мүмкіндік береді.

Генетикалық алгоритм артықшылығы, мақсат функцияларына қатысты математикалық шарттар мен шектеулерді талап етпейді. Зерттеуші жасанды түрде математикалық әдістерді қолдану үшін объект моделін қысқартып, оның соған бара-барлығын жоғалтудың қажеті жоқ. Сол себепті әртүрлі мақсат функциялары, шектеу түрлері бар (сызықты және сызықты емес), дискретті анықталған, үздіксіз және аралас универсалды жиынтықтар қолданыла алады. Генетикалық алгоритм күші бір уақытта бірнеше параметрлерді басқара алады, бұл ерекшелік көптеген қолданбалы бағдарламаларда, тікұшақ жобалауда, алгоритм параметрлерін күйге келтіруде және сызықты емес дифференциалдық тендеулер жүйелерінің тұрақты күйін табуда қолданылады.

Қорыта келгенде, генетикалық алгоритм көптеген модификациясы бар, параметрлерге тәуелді, оңтайландырудың универсалды әдісі, ол басқа әдістерді қолдану күрделі немесе мүмкін емес жағдайда, түрлі оңтайландыру есептерінде сәтті қолданылуға ие. Параметрдің бірін өзгерте отырып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Сол себепті соңғы жылдары генетикалық алгоритм функционалды оңтайландыруда, синтез және басқару, есептеу жүйелерін оңтайландыруда, автоматты түрде классификациялауда, көп критерийлі көлік, коммивояжер есептерінде, ойын теориясы мен ойынды модельдеуде, биологиялық жүйелерді модельдеуде, объектілерді бейімді басқаруда, интеллектуалды роботтар, жасанды өмір және т.б. ғылым салаларында кең қолданысқа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Скурихин А.Н. Разработка и применение само адаптирующихся генетических алгоритмов. Диссертационная работа. Гос. Научный центр РФ, Пуцино, 1996.
2. Калиева Н.Б. Исследование и разработка алгоритмов магнитной ориентации малого космического аппарата. Диссертационная работа. ҚазҰИТУ, Алматы, 2016.
3. Касенхан А.М. Разработка методов и моделей поддержки эффективной беспроводной связи в системах оперативных служб. Диссертационная работа. ҚазҰТУ Алматы, 2014.
4. Солонуха А.С., Филиппова Т.С. Применение эвристических алгоритмов при синтезе планетарных механизмов //Сборник материалов IXМеждународнойнаучной конференции студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014», Астана, 2014. – С. 2263
5. Вороновский Г.К., Махотило К.В., Петрашев С.Н., Сергеев С.А. Генетические алгоритмы, искусственные нейронные сети и проблемы виртуальной реальности, Харьков: Основа, 1997. – 112 с.
6. Емельянова Т.С., Курейчук В.М. Решение транспортных задач с использованием комбинированного генетического алгоритма. [Электрон.ресурс]. – URL: www.raai.org/conference/cai-08/files/cai-08_paper_157.doc
7. Гладков Л.А., Курейчик В.В., Курейчик В.М. Генетические алгоритмы, Москва: Физматлит, 2006. – 321 с.
8. Емельянова Т.С. Модифицированный генетический алгоритм для решения транспортных задач с ограничением по времени. // Труды международных научно-технических конференций «Интеллектуальные системы» (AIS'08) и «Интеллектуальные САПР» (CAD02008) - Москва: Физматлит, 2008.
9. Исаев С.А. Популярно о генетических алгоритмах [Электрон.ресурс]. – URL:(<http://algolist.manual.ru/ai/ga/ga1.php>).

ӘӨЖ 002.6:37.016
МРНТИ 20.01.45

С.А. Нугманова¹, А.М. Ануарбеков²

¹п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институтының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы ҚазҰПУ, «Информатика» мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аңдатпа

Мақалада педагогикалық жоғарғы оқу орындарындағы информатика мамандығының студенттеріне телекоммуникациялық технологияларды оқытудың маңызы мен алатын орны туралы мәселелер қарастырылған. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар адам өмірінің барлық саласына кеңінен енуіне байланысты болашақ информатика мұғалімдері информатиканың маңызды құраушыларының бірі болып табылатын телекоммуникациялық жүйелер үшін программалауға баса назар аударып терең меңгеруі қажет. Аталған мақалада болашақ информатика мұғалімдеріне телекоммуникациялық жүйелерді үшін программалауды оқыту мәселесінің қажеттілігі мен өзектілігі, мазмұны туралы сұрақтар қарастырылады.

Біз информатика мамандығын оқыту барысында «Телекоммуникациялық жүйелер үшін программалау» курсына ұсынамыз. Оны қазіргі заманғы платформалық-тәуелсіз интерпретаторлар түріндегі скрипттік тілдердің бірін, мысалы PHP тілін оқытумен байланыстыруға болады. Мұндай тілді WEB қызметінің серверлік жақта қолдану арқылы желінің ақырғы қолданушысымен өзараәрекеттесуінің негізі көрсетіледі. CGI мысалында келтірілген программалық интерфейс сияқты ұғымды білу информатика мамандығының студенттерінің білімдерін толықтырады.

Түйінді сөздер: телекоммуникация, ақпараттық жүйелер, программалау тілдері, парадигмалар, объект, иерархия, желі, хаттама, клиент, сервер.

Аннотация

С.А. Нугманова¹, А.М. Ануарбеков²

¹к.п.н., старший преподаватель института Математики, физики и информатики при КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

²магистрант по специальности «Информатика» КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

МЕСТО ТЕЛЕКОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ

В статье рассматриваются вопросы о роли и важности обучения студентов специальности информатика телекоммуникационным технологиям в педагогических высших учебных заведениях. В данной статье рассматриваются основные вопросы обучения студентов специальности информатика высших педагогических учебных заведений программированию для телекоммуникационных систем. В связи с проникновением информационных коммуникационных технологий во все сферы человеческой жизни будущие учителя информатики должны уделять больше внимания к программированию для телекоммуникационных систем, которая является одним из важнейших составляющих информатики и освоить основные приемы программирования для таких систем. В статье рассматривается необходимость и актуальность обучения будущих учителей информатики программированию для телекоммуникационных систем.

Мы предлагаем курс «Программирование для телекоммуникационных систем» для студентов специальности информатика. Его можно связать с изучением одного из современных представителей скриптовых языков, существующих в виде платформенно-независимых интерпретаторов, например, PHP. Использование такого языка на серверной стороне службы WEB демонстрирует основу взаимодействия с конечным пользователем сети.

Ключевые слова: телекоммуникация, информационные системы, языки программирования, парадигмы, иерархии объектов, сетевой протокол, клиент, сервер.

Abstract

Nugmanova S.A.¹, Anuarbekov A.M.²

¹Cand. Sci (Phys.-Math), Senior Lecturer of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

²Student of Master Programme in Computer Science, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

THE PLACE OF TELECOMMUNICATION TECHNOLOGIES IN THE PREPARATION OF FUTURE TEACHERS OF INFORMATICS

The article discusses the role and importance of teaching students of the specialty computer science in telecommunication technologies in pedagogical higher educational institutions. In this article the main issues of teaching programming for

telecommunication systems of students of higher pedagogical educational institutions of the specialty computer science are examined. In connection with the penetration of information and communication technologies in all spheres of human life, future teachers of computer science should pay more attention to programming for telecommunication systems, which is one of the most important components of computer science and master the basic methods of programming for such systems. The article considers the necessity and relevance of training future computer science teachers in programming for telecommunication systems.

We offer a course "Programming for telecommunication systems" for students of Computer Sciencespecialty. It can be connected with the study of one of the modern representatives of scripting languages, existing in the form of platform-independent interpreters, for example, PHP. By using such language on the server side of WEB service, the basis of interaction with the end user of the network is shown.

Keywords: telecommunications, information systems, programming languages, paradigms, object hierarchies, network protocol, client, server.

Бүгінгі таңда қоғамның дамуы ақпараттандырумен қатар жүріп жатыр. Мұны біз адам өмірінің барлық салалары мен кәсіби қызметтерінен көрініс тапқанын байқаймыз.

Қазіргі уақытта қоғамды ақпараттандыру адамдарға жаңа талаптар қоюда, ақпараттық ортада бағдарлай алуы, жетілдірілген технологияларды тез меңгеруге дайын болулары керек. Ақпараттандыру үрдісі бірінші кезеңде білім беруге әсер етті. Еліміздегі білім беру саласын ақпараттандыру тұжырымдамаларына сәйкес білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаттарының бірі – ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде еліміздегі білім беру сапасын арттыру болып табылады. Осы мақсатқа жетудегі негізгі шарт – қазіргі мұғалім қоғамды, білім беруді ақпараттандыру жағдайында білім беру үрдісін тиімді құруға қабілетті болуы керек. Бүгінгі қоғамның қоятын талабы – мектеп пен жоғарғы оқу орындарындақазіргі жағдайда тиімді қызмет жасауға қабілетті мамандарды дайындау болып табылады. Мұғалім өзінің кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру сапасы меноған қолжетімділікті арттыруға әсер етеді.

Білім беру жүйесі білім алушыларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындауға, оларды осы ортада әрекет жасауға үйретуге, оның барлық мүмкіндіктерін кәсіби қызметтетолық пайдалануға бағыттайды. Технологиялардың үнемі күрделенуі және технология түрлерінің өзгеруіне байланысты қазіргі мамандардың оны меңгеруі тиісті білім көлемі, біліктілік және дағдылар үздіксіз өсуде. Бұл күндері қоғам білім беруді заманауи әлемге бейімдеу жолдарыңыздеуге аса қызығушылық танытуда.

Оқыту уақыт ағымына сай ақпараттық әлемнің кеңейюімен қатар жүру керек. Компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялар оқытудың мазмұны, әдістері мен нысандарына әсер ете отырып, оқу үрдісіне тереңірек енуде. Ақпараттандыру құралдарының, ақпараттық және әсіресе телекоммуникациялық технологиялардың дамуы, кез келген пәндік қызметтің ақпараттық ортасын құруға әкеледі. Бұл жалпы және жоғары педагогикалық білім берудегі информатика пәнін оқытудыңмақсаттарын, мазмұнын, формалары мен әдістерін қазіргі қоғам сұранысына сай қайта қарастырудыталап етеді.

Қазіргі кездегі мемлекеттік білім беру саясаты білім беруді ақпараттандыру, әр түрлі деңгейдегі оқу орындарында компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану үрдісіне басаназар аударады. Оқу орындарын Интернет желісіне қол жеткізу құралдарымен жабдықтауға көп көңіл бөлінеді.

Осыған байланысты болашақ информатика мұғалімдері компьютерлік және телекоммуникациялық жүйелер туралы білімдерін тереңдетіп, толықтырып отырулары керек. Студенттерді дәстүрлі оқытуда телекоммуникациялық жүйелердің ішіндегі үрдістерді түсінуге қажетті программалау негіздерін меңгеру өз деңгейінде қарастырылмайды. Бұл болашақ мұғалімдердің осындай телекоммуникациялық жүйелерді құру логикасын оқушыларға түсіндіре алмауына әкеліп соқтырады. Жүйелердегі объектілердің иерархиялық түрде орналасуын да олардың бір-бірімен өзараәрекеттесу механизмдерін білмей тұрып, оны түсіну мүмкін емес.

Осындай қызметтердің бірін қарастыру мысалы (http хаттамасы және CGI программалау) негізінде және басқа да жүйелер түрлеріне арналған программалау туралы негізгі көзқарастарды қалыптастыруға болады. Мұның себебі, барлық телекоммуникациялық жүйелер белгілі бір ғана қағидалар бойынша құрылады, архитектуралары қайталанып және объектілердің өзараәрекеттесу хаттамалары шамамен ұқсас болып келеді. Мысалы, банкоматтар желісі жұмысының сипаттамасы (қарапайым телекоммуникациялық жүйе) интернет-чаттар жұмысының сипаттамасынан өзгешелігі аса көп болмайды. Білім алушы бір телекоммуникациялық жүйе (біздің жағдайымызда – CGI интерфейсінің спецификациясына сәйкес http хаттамасы арқылы клиент пен сервердің өзараәрекеттесуі) үшін программалау механизмінің технологиясын түсінсе, ол таныс емес басқа да жүйелерде программалай білуге қабілетті болады.

Қатардағы пайдаланушы үшін ақпараттық технологиялардың дамуы негізінен телекоммуникациялық

инновациялармен көрсетіледі. Болашақ информатика мұғалімдері ақпараттық әлемнің жаңа жетістіктерін ескерулері қажет. Олар өз оқушыларын жедел дамып келе жатқан ақпараттық жүйелермен таныстырады. Болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда телекоммуникациялық жүйелердегі программалауды оқыту қажет. Браузерлер немесе ICQ жай ғана жұмыс істеуге үйретіп қана қоймай, сонымен бірге, Web программалаудың базалық негіздері туралы жүйелі білім беруді қазіргі уақыт талап етіп отыр.

Біз информатика мамандарын даярлау үдерісіне «Телекоммуникациялық жүйелерде программалау» атты оқу курсының ұсынамыз. Оны қазіргі уақыттағы платформаға-тәуелсіз интерпретаторлар, PHP түріндегі скрипттік тілдердің бірін оқытумен байланыстыруға болады. Мұндай тілді WEB қызметінің серверлік жағында қолдану арқылы желінің соңғы пайдаланушысымен өзара әрекеттесуінің негізі көрсетіледі. CGI мысалында келтірілген программалық интерфейс сияқты ұғымды білу информатика мамандығы студенттерінің білімдерін толықтырады.

Ақпараттық технологиялардың қазіргі жүйесінің негізгі салаларының бірі болып табылатын – деректер қорымен жұмыс жасауды қоспай сипаттау мүмкін емес. Мұнда MySQL мысалы негізінде студенттерді SQL-тілімен және PHP сияқты программалау тіліндегі деректер қорын қолдану мүмкіндігімен таныстыру көзделіп отыр. PHP программалау тілі деректер қорымен өзара әрекеттесу тиімділігін жеңілдету және арттыруды ескере отырып құрылған.

Сонымен қатар, WEB программалаудың тағы бір компоненті болып табылатын дүние жүзінде ең көп таралған HTML – гипермәтінді белгілеу тілі туралы да мәселе қозғалуы қажет. Бұл тіл информатика саласындағы мамандарға өте қажет, HTML-мен таныс маман Интернет желісінде сенімді бағдар жасай алады.

Сондай-ақ, ең бір болашағы зор ақпараттық үрдістерді, атап айтқанда операциялық жүйеден және оны қоршаған ортадан тәуелсіз программалық жобаларды құруды көрсетуге болады. Мұндай өнімдер үшін қандай операциялық жүйеде Microsoft Windows немесе Unix-те жұмыс істесе де және WEB-сервисті қолдау үшін қандай программалық құралдардың, мысалы, Apache немесе Microsoft Internet Information Server қолданылатындығы маңызды емес.

Практикалық бөлімде жеңілдетілген кешенді программалық шешім құру жобасын мысалы, MySQL базасына қатынау үшін пайдаланушы деректерін оқу және түрлендіру мүмкіндігі бар WEB интерфейсі құруды пайдалануға болады. Мұндай мысал негізінде форумдар, хабарландыру тақтасы, чаттар және тағы да басқа WEB ішкі жүйелерінің көпшілігі қалай жұмыс істейдігін көрсетуге болады. Аталған мәселелерді түсініп, меңгеру қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланудың негізі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Левченко И.В. Развитие системы методической подготовки учителей информатики в условиях фундаментализации образования: Автореф. дисс. ... докт. пед. наук. – М., 2009.*
- 2. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2003.*
- 3. Кузибецкий А., Смыковская Т. Информационно-коммуникационные технологии в управлении образованием// Народное образование - 2008. - №1. – С.105-112.*
- 4. Роберт И.В., Козлов О.А. Концепция комплексной, многоуровневой и многопрофильной подготовки кадров информатизации образования// ИНФО. - 2005. - №11-12. – С.15*
- 5. Бидайбеков Е.Б. Білім берудің әртүрлі деңгейлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістері. Білім саласындағы инновациялық ақпараттық педагогикалық технологиялар жаңашыл педагогтардың 3-ші форумы. - Шымкент, 2012. - Б. 204-208.*

УДК 37.013
ГРНТИ 20.01.07

Л.Б. Рахимжанова¹, Д.Н. Исабаева²

¹к.п.н., доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

²к.п.н., доцент Казахского национального педагогического университета им. Абая, г. Алматы, Казахстан

КОГНИТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В КУРСЕ ОБЪЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ПРОГРАММИРОВАНИЯ

Аннотация

Современное образование переходит от процедурных языков программирования (например, Pascal, C, Basic, FORTRAN и COBOL) к объектно-ориентированным языкам программирования, таких как Java. Объектно-ориентированное программирование представляет собой новую парадигму вычислений. Но опыт обучения показывает, что будущие программисты испытывают трудности перехода к этой новой парадигме программирования. В статье рассматриваются вопросы определения, каковы же когнитивные аспекты этого нового языка, объектно-ориентированного Java, какой когнитивный стиль обучения лучше всего подходит для этого языка. Используя когнитивные методы обучения, необходимо: определить мотивацию обучения для вызова интереса и активности студентов; построить обучение на смысловом видении таких основных понятий как «класс», «объект»; изучить основные парадигмы объектно-ориентированного программирования, применяя образное и символическое видение на примерах.

Ключевые слова: Когнитивные методы, объективно-ориентированное программирование, обучение, методика обучения.

Аңдатпа

Л.Б. Рахимжанова¹, Д.Н. Исабаева²

¹п.ғ.к., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті, Алматы қ., Қазақстан

²п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, Алматы қ., Қазақстан

ОБЪЕКТІГЕ-БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАУ ОҚЫТУДА ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі замануи жоғары білімберу саласыпроцедуралық программалау тілдерінен (мысалы, Pascal, C, Basic, Fortan және COBOL) Java сияқты объектіге-бағытталған программалау тілдеріне көшуде. Объектіге-бағытталған программалау жаңа есептеу парадигмасы болып табылады. Бірақ оқыту тәжірибесі болашақ программистерде осы жаңа парадигмаға көшуде қиындықтар бар екенін көрсетті. Мақалада Java объектіге-бағытталған программалау тілі үшін қолайлы танымдық оқыту стилі және осы жаңа тілге қандай танымдық аспектілер сай келетіндігі қарастырылған. Танымдық оқыту әдістерін пайдалана отырып: студенттердің қызығушылығын және белсенділігін ояту үшін оқыту мотивациясын анықтау; «Класс», «Объект» сияқты негізгі ұғымдардың семантикалық көрінісіне сай оқытуды ұйымдастыру; бейнелі-таңбалық көзқарасы мысалдарды пайдаланып, объектілі-бағытталған программалаудың негізгі парадигмасын үйрету ұсынылады.

Түйінді сөздер: Танымдық әдістері, объектіге-бағытталған программалау, оқыту, оқыту әдістемесі.

Abstract

¹Cand. Sci. (Pedagogical), Associate Professor, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

²Cand. Sci. (Pedagogical), Associate Professor, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

COGNITIVE METHOD IN THE COURSE OBJECT-ORIENTED PROGRAMMING

Modern higher education is moving from procedural programming languages (eg, Pascal, C, Basic, FORTRAN and COBOL) to object-oriented programming languages such as Java. Object-oriented programming is a new computing paradigm. But the learning experience has shown that future programmers have difficulties transition to this new programming paradigm. The article deals with the determination of what are the cognitive aspects of this new language, the Java object-oriented, which cognitive learning style is best suited for that language. Using cognitive methods of teaching it is necessary: to determine the motivation for learning to attract interest and activity of students; to build training on the semantic vision of such basic concepts as "class", "object"; to study the basic paradigms of object-oriented programming, applying a figurative and symbolic vision on examples.

Keywords: Cognitive methods, objective-oriented programming, training, methodology of training.

Центральное внимание вопросам преподавания программирования уделялось с начала 60-х годов. Выбор учебного языка, соответственно вопросы обучения программированию широко рассматривались в исследованиях советских ученых С.И. Шварцбурдом, И.Н. Антиповым, И.А.Звенигородским, Г.А.Бабушкиной, В.М. Монаховым, В.Н. Касаткиным, М.П. Лапчиком и др. Но современная технология программирования претерпевает изменения. Промышленность и научные круги переходят от процедур-

ных языков программирования (например, Pascal, C, Basic, FORTAN и COBOL) к объектно-ориентированным языкам программирования, таких как Java для Интернета. Соответственно современное состояние обучения в ВУЗах характеризуется повсеместным переходом к новой объектно-ориентированной парадигме программирования. Проведенные исследования в изучении когнитивных аспектов программирования были сосредоточены в основном на процедурных языках программирования. Объектно-ориентированное программирование (ООП) представляет собой новую парадигму вычислений.

Актуальность исследования методов изучения объектно-ориентированного программирования не вызывает сомнения. Причиной служит соблюдение дидактического принципа научности, требующего соответствия содержания обучения уровню современной науки, и формирования у студентов представлений о частных и общенаучных методах познания.

Опыт обучения находит, что будущие программисты испытывают трудности перехода к этой новой парадигме программирования. Конечно, это заставляет найти эффективные методы обучения, т.е. определить каковы когнитивные аспекты объектно-ориентированного Java, этого нового языка и какой когнитивный стиль обучения лучше всего подходит для этого языка. Такие вопросы находятся в центре внимания данной статьи. Такое исследование необходимо для улучшения понимания процесса обучения и выявления трудностей при знакомстве студентов с методами объектно-ориентированного программирования. Это может повысить академический уровень будущего программиста.

Когнитивный подход (англ. cognitive approach) – подход к обучению, основанный на положениях когнитивной психологии и предусматривающий в процессе обучения опору на принцип сознательности, учет различных когнитивных стилей, характерных для учащихся конкретной учебной группы, и учебных стратегий, которыми они при этом пользуются. Согласно такому подходу учащийся является не только объектом обучающей деятельности преподавателя, но прежде всего активным участником процесса учения. Создателями подхода считаются Дж.Брунер и У.Риверс [1].

На рисунке 1 приведены когнитивные методы обучения, как часть эвристических методов обучения.




Рисунок 1. Эвристические методы обучения

Рассмотрим в статье метод смыслового видения, когда происходит одновременная концентрация обучающихся на образовательном объекте своего зрения и «пытливо настроенного» разума позволяет им понять (увидеть) первопричину объекта, заключённую в нём идею, первосмысл, то есть внутреннюю сущность объекта. Здесь требуется создание у обучающегося определённого настроения, состоящего из активной чувственно-мысленной познавательной деятельности.

Прежде всего, необходимо мотивировать обучение [2]. Студентам следует объяснить, что чем популярнее язык и востребованность, тем больше шансов будет найти работу в будущем, при этом язык должен быть несложным в освоении. Если посмотреть различные статистики, то мы увидим, что в разных источниках места заняты по-разному, но в целом первые 10 мест по содержанию везде будут совпадать. В

этом списке самых популярных языков программирования на первом месте стоит Java, далее идут С языки, затем Python, JavaScript, PHP, Ruby и т.д. Ну и, чтобы стать программистом, надо знать, что практически вся документация и источники полезной информации написаны на английском языке.

Программы, написанные на языке Java, исполняет JVM (Java Virtual Machine – виртуальная машина Java). JVM – это специальная программа, которая умеет исполнять программы, написанные на языке Java. Бесценное качество языка Java в том, что Java разработчики могут разрабатывать приложение на своем компьютере, а затем развернуть его на целевой платформе, будь то телефон или сервер. Если для компилятора доступны нужные библиотеки, код будет работать. Платформа Android построена на Java от и до, и в настоящее время Android устройства продаются лучше, чем iPhone. Урезанная версия языка и виртуальной машины, известные как Java ME широко использовались во многих так называемых недосмартфонах (feature phone), которые исчисляются миллионами во всем мире.

Преподаватель должен предложить студентам такие закрепляющие вопросы, чтобы настроить их на смысловое обстоятельство, например, обучающийся смог ответить какова причина этого объекта, его происхождения, как устроен объект изучения, почему он такой, а не другой. Упражнения по целенаправленному применению данного метода приводят к развитию у студентов таких качеств, как интуиция, озарение, инсайт.

Объектно-ориентированное программирование (ООП) – это парадигма программирования, в рамках которой «во главу угла» ставят понятия объектов и классов. Сейчас ООП, так или иначе, присутствует во всех языках, поэтому понимание его основ просто необходимо для всех, кто собирается заняться программированием. Стоит сразу определить базовые понятия класса и объекта.

При объяснении понятий «класс» и «объект» необходимо приводить примеры из жизни, т.е. сравнивать с образами, знакомыми студентам. По результатам экзаменов видно, что некоторые студенты ошибочно сравнивают класс со строящимся домом, а его объектами считают инженеров, плотников, каменщиков. Это в корне неправильно. Надо объяснить, что каждый из этих примеров является классом. Строящийся дом – это класс, у него свои атрибуты и методы. А вот подобие такого же дома, только находящегося по другому адресу, или построенного из другого материала, и есть объект этого класса. Или инженер – это класс, а инженеры с разными фамилиями – это объекты. Автомобиль – это класс, а автомобиль другого цвета – это объект.

Класс – это шаблон, описание ещё не созданного объекта. Класс содержит данные, которые описывают строение объекта и его возможности, методы работы с ним; Объект – экземпляр класса.

Для объяснения понятий «атрибуты» и «методы» классы можно привести такой пример: Фигура – это класс, какие у него атрибуты? Это размер, цвет, расположение и т.п. А методы – это то, что с ним можно выполнять или он сам может выполнять, например, начертить, удалить, скопировать, переместить, закрасить фигуру, найти ее площадь и др. Тогда объектом фигуры, может служить треугольник, четырехугольник, окружность.

```
public class Shape {
    public double x; // абсцисса центра (атрибут)
    public double y; // ордината центра (атрибут)
    public double r; // радиус (атрибут)
    public void moveShape(double a, double b) { // метод 1, двигать
        x = x + a;
        y = y + b;
    }
    public double squareShape() { // метод 2, найти площадь
        double s = Math.PI * r * r;
        return s;
    }
    public static void main(String[] args) {
        Shape circle1 = new Shape(); // объект 1
        Shape circle2 = new Shape(); // объект 2
        System.out.println ("Площадь круга 1: "+circle1.squareShape());
        circle2.moveShape(3.0, 2.4);
    }
}
```

Причиной появления объектно-ориентированного программирования и стало результатом возросших требований к функционалу программ, когда описывать объект приходилось раз за разом в разных участках кода. Тогда и было введено понятие класса, параметры которого задавались единожды, а после в коде оставлялись только ссылки на класс, чтобы код самостоятельно «собрал» объект.

При принятии на работу, по словам студентов, в первую очередь, спрашивают три парадигмы программирования: что такое инкапсуляция, наследование и полиморфизм. Это так называемые «три кита», на которых держится среда объектно-ориентированного программирования (ООП) [3]. Главное в обучении, как предоставить студентам материал, чтобы они могли легко понять эти парадигмы, необходимо образное сравнение.

Чтобы защитить данные от постороннего вмешательства, их помещают в определенную структуру или массив, убрав при этом обработку данных, т.е. их скрывают «от чужих глаз». Такой подход называется *инкапсуляцией*. Это облегчает непрофессиональному пользователю работу, он имеет дело с функционалом лишь через интерфейс программы. Образное сравнение может быть таким, цех по выпуску, например, мебели, имеет под одной крышей необходимое сырье, расходные материалы и станки для создания мебели. Объект (цех) создается для удобства и эффективности процесса создания мебели, должен иметь атрибуты (сырье) и методы (станки), которые располагаются не в разных концах города.

Наследование является мощным механизмом в ООП, так как классы могут наследовать атрибуты и методы других классов, также и добавлять к ним свои. Т.е. возникает возможность использования готового проверенного кода, внося в него при необходимости дополнения, что позволяет ускорить процесс разработки. Когда все объекты одного класса одновременно являются объектами другого класса (отношение общее-частное) обычно и возникает наследование. Например, все объекты класса *Студент* являются объектами класса *Человек*. В этом случае говорят, что класс *Студент* наследует от класса *Человек*. Аналогично класс *Circle* может наследовать от класса *Shape*. Класс, который наследует, называется подклассом или потомком, а класс, от которого наследуют, называется суперклассом или предком.

```
class Circle extends Shape { // дополнительные атрибуты и методы... }
```

Как, наверное, уже стало понятно из написанного выше, каждый класс описывает атрибуты и методы. Те из методов, которые доступны извне (*public*), образуют так называемый *интерфейс*. Благодаря концепции "от чужих глаз" и механизму наследования, можно создавать классы, наследующие атрибуты и методы от некоего общего предка, но по-разному их реализующие.

Полиморфизм означает, что при определении объекта мы используем тип базового класса (интерфейс), а реализацию (метод) выбираем, когда используем *конструктор* определенного класса. Так что объекты одного типа могут иметь по-разному реализованные методы. Например, все садовые деревья плодоносят, независимо от сорта дерева. Отсюда вытекает, что единым интерфейсом является объект «дерево» с методом «созревание плодов». А вот как, и каким способом созревает плод, является индивидуальной реализацией каждого сорта отдельно.

Некоторые добавляют к трем столпам ООП еще и понятие абстракции – выделения набора характеристик (значимых) объекта, выделяющих его среди остальных, то есть концептуально важных характеристик. Но выделять его в отдельную парадигму, необязательно, так как он проявляется во всех трех описанных выше парадигмах: везде мы говорим про некое представление объекта, о том, что для него мы определяем методы, атрибуты [3]. Например, старший слесарь в мастерской, не тратит своё время и ресурсы на определение, из чего ученик сделал деталь, а просто использует её по назначению.

учим их для того, чтобы они шли на работу, которой уже не существует, обеспечиваем теми интеллектуальными инструментами, которые давно не эффективны [5]. Поэтому в мире такой высокий процент безработных. Сейчас специалисты образовательной сферы кардинально пересматривают учебные программы по естественным наукам, которые имеют непосредственное отношение к технологиям будущего.

В заключении отметим, что использование ИКТ в преподавании дисциплин может улучшить результаты обучения обучающихся и качество преподавания преподавателей. Имеется очень много облачных программ для использования на занятиях. С каждым годом уделяется особое внимание развитию ИКТ во всех сферах жизни. И будущее образование будет базироваться на интернет-технологиях.

Список использованной литературы:

1. Кантони, Л., & Danowski, JA (ред.). Связь и технологии. - Берлин: DeGruyter Мунон. (2015).
2. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvaryu-2017-g
3. Турганбаева А.Р., Гусманова Ф.Р., Скиба М.А. Е-портфолионы қамтитын ақпараттық ресурстарға қойылатын талаптар//Вестник КазНПУ, Серия ФМН, №4(56)-2016, стр. 224
4. Оливер, Рон. "Роль ИКТ в высшем образовании в 21 веке: ИКТ как агент изменений для образования." Университет, Перт, Западная Австралия, 2002.
5. <https://opentechology.ru/products/moodle>
6. <http://www.vospitaj.com/blog/mitio-kaku-uchjoba-uzhe-ne-budet-bazirovatsya-na-zapominanii/>

УДК 374.1:004.087

ГРНТИ81.93.29

Н.С. Уалиев¹, А.А. Сакабаев², Г. Жақанқызы³

^{1,2}*Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, г. Талдықорган, Казахстан*

³*магистрант специальности «Информатика» Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова, г. Талдықорган, Казахстан*

ЗАЩИЩЕННАЯ ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА НА БАЗЕ МОБИЛЬНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ КОНЦЕПЦИИ ТЕХНОЛОГИИ WEB 3.0

Аннотация

В данной статье описано теоретическое обоснование необходимости создания и применения защищенных информационно-образовательных сред в виде мобильных приложений, реализуемых практическое применение возможностей предоставляемые концепцией семантической сети WEB 3.0. С учетом специфики работы информационно-образовательных сред на мобильных устройствах отображены наиболее важные аспекты, к которым необходимо уделить пристальное внимание при анализе и выборе программных продуктов для реализации приложений.

Ключевые слова: защита информации, web 3.0, мобильное приложение, мобильные платформы, информационно-образовательная среда.

Аңдатпа

Н.С. Уалиев¹, А.А. Сакабаев², Г. Жақанқызы³

^{1,2}*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорган қ., Қазақстан*

³*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, «Информатика» мамандығының магистранты, Талдықорган қ., Қазақстан*

ҰЯЛЫ ҚОСЫМШАЛАР НЕГІЗІНДЕГІ ҚОРҒАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ WEB 3.0 ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Мақалада практикалық пайдаланылу мүмкіндіктері WEB 3.0 семантикалық желісінің тұжырымдамасы арқылы ұсынылатын ұялы қосымшалар түріндегі қорғалған ақпараттық білім беру орталарын құру және қолдану қажеттілігінің теориялық негіздемесі сипатталған. Ақпараттық-білім беру орталарының жұмыс істеу ерекшелігін ескеретін, қосымшаны құруға арналған программалық өнімдерді талдауда және таңдауда ерекше назар аударуды талап ететін маңызды аспектілер ұялы құрылғыларда бейнеленген.

Түйінді сөздер: деректерді қорғау, web 3.0, ұялы қосымша, ұялы платформалар, ақпараттық және білім беру ортасы.

Abstract

Ualiyev N.S.¹, Sakabayev A.A.², Zhakankyzy G.³

^{1,2} I.Zhasygirov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

³Student of Master Programme in Computer Science of I.Zhasygirov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

PROTECTED INFORMATION AND EDUCATIONAL ENVIRONMENT ON THE BASIS OF MOBILE APPLICATIONS AS A FACTOR OF THE FORMING CONCEPT OF TECHNOLOGY WEB 3.0

This article describes the theoretical justification of necessity of creation and application of the protected informational and educational environments in the form of mobile applications enabling practical application of opportunities provided by the concept of the WEB 3.0 semantic network. Taking into account the specifics of the information and educational environments on mobile devices are displayed the most important aspects, which should be given attention in the analysis and the choice of software to implement web-based applications.

Keywords: information security, web 3.0, mobile application information and educational environment.

Одним из приоритетных направлений государственной политики Республики Казахстан в области образования является информатизация. Интересы современного поколения связаны с использованием возможностей глобальной сети Интернет, с различными сервисами. Применение современных информационных технологий в образовательном процессе повышают мотивацию обучения у молодого поколения, формируя электронное образование.

Крупнейшие интернет-корпорации BBC, IBM, Google, Oracle новым направлением в развитии мировой паутины предложили концепцию семантической паутины или Web 3.0.

Семантическая сеть представляет собой модель определённой предметной области, представленную в виде графа, вершинами которого являются понятия, а ребра – отношения между понятиями.

Суть предложенной концепции заключается в том, что пользователи, являются активными участниками и создателями метаданных. Семантическая сеть, таким образом, решает самую актуальную проблему развития Интернета – поиск значимой информации. Главное отличие сервисов Web 3.0 состоит в коллективной реализации контента, который контролируется экспертным сообществом, тем самым обеспечивая высококачественный образовательный ресурс. Технология Web 3.0 предполагает реализацию специализированных дифференцированных сайтов по областям применения. Web 3.0. представляется как социальное сообщество фундаментальным отличием, которого является автоматический вывод рекомендаций.

Использование технологии Web 3.0. в образовательном процессе является весьма перспективным, поскольку данная технология на начальных стадиях предусматривает защиту от недостоверной информации или некачественных материалов на открытых образовательных ресурсах, возможность редактирования преподавателем, экспертом предоставляемых ресурсов, используемых в обучении.

Применение этой технологии становится возможным при создании концептуально новой информационно-образовательной среды с элементами присутствия на мобильных носителях в виде приложений. К тому же, создание информационно-образовательной среды такого типа будет значительным шагом к пути реализации стратегического направления по созданию отечественных цифровых образовательных ресурсов, заложенных в Стратегии информатизации системы образования Республики Казахстан.

В свою очередь необходимо определиться с дефиницией новой ИОС. Исходя из психолого-педагогических и дидактических исследований в данной области видных отечественных и зарубежных ученых (А.Р. Джандигулов, А.Т. Едрисов, Е.И. Машбиц, Е.С. Полат, И.В. Роберт, В.А. Ясвин и др.), под информационно-образовательной средой следует понимать:

– единое информационно-образовательное пространство, построенное на основании интеграции информации на традиционных, электронных и мобильных носителях, компьютерно-телекоммуникационных технологиях взаимодействия, включающее в себя учебно-методические комплексы и расширенный аппарат дидактики [1];

– совокупность субъектов (преподаватель, обучаемые) и объектов (содержание, средства обучения и учебных коммуникаций, прежде всего, на базе информационно-коммуникационных технологий и т.д.) образовательного процесса, обеспечивающих эффективную реализацию современных педагогических технологий, ориентированных на повышение качества образовательных результатов и выступающих как средство построения лично ориентированной педагогической системы [2].

Информационно-образовательная среда, базируясь на технологии Web 3.0. предполагает:

– переход от традиционных форм образования к инновационным;

- самостоятельное обучение (англ.: self-organized learning);
- использование 3D технологии для повышения наглядности материала;
- применение «Мобильных технологий» (англ.: mobile technologies).

Применение мобильных технологий тесно связано с дистанционным и электронным обучением, базируется на применении мобильных устройств. Обучение не зависит от месторасположения пользователя и происходит благодаря использованию мобильных средств общения [3].

Использование мобильных технологий в образовательном процессе позволит:

- создать распределенный управляемый образовательный ресурс;
- совместная деятельность участников образовательного процесса вне зависимости от географического расположения;

- использовать мобильное устройство как накопитель;

Электронное обучение на основе мобильных устройств базируется на 12 принципах:

- доступность, обеспечивает доступ к контенту в любое удобное время;
- метрики, показатели понимания и качества знаний;
- облако, доступ к облачным технологиям, постоянное использование источников данных;
- прозрачность, возможность установления связи, как с локальным, так и с глобальным сообществом;
- игра, динамичная форма обучения, повышение мотивации к образовательному процессу;
- асинхронность, один из значимых принципов асинхронный доступ;
- содействие, планирование образовательного процесса студентами совместно с преподавателем;
- разнообразие, изменение среды обучения, поток новых идей;
- курьирование, возможность курьирования, контролирования образовательного процесса;
- смешивание, различные типы взаимодействия участников процесса;
- постоянство, непрерывный процесс обучения;
- аутентичность, персонализация.

Современные образовательные ресурсы на базе новой информационно-образовательной среды имеет высокий потенциал, влияющий на качество обучения.

При этом возникает острая потребность в обеспечении безопасности данных, проходящих через информационно-образовательную среду, это касается не только методов аутентификации пользователей и преподавателей, методов по обеспечению защиты от потери данных, методов защиты от целенаправленных вирусных атак со стороны киберпреступников, но также и методов обеспечения защиты информации применимые к электронным носителям.

Из-за специфики работы информационно-образовательной среды на мобильных устройствах при анализе и выборе программных продуктов для реализации информационно-образовательной среды необходимо уделить особое внимание таким аспектам как:

1. Защита данных во время сеанса сетевого взаимодействия с сервером или облаком;
2. Защита данных, которые кэшируются или хранятся в памяти мобильного устройства;
3. Механизмы защиты ключей шифрования;
4. Механизмы блокировки неочевидных каналов утечки информации;
5. Контроль целостности среды исполнения;
6. Интеграция с корпоративными системами и службами.

Для решения этих и других проблем применяются криптографические и программно-технические методы, а также методы информационной безопасности, характерные для мобильных устройств.

Криптографические методы обеспечения информационной безопасности представляют собой совокупность методов преобразования данных, направленных на то, чтобы сделать эти данные бесполезными для противника. Такие преобразования позволяют решить две главные проблемы защиты данных: проблему конфиденциальности (путем лишения противника возможности извлечь информацию из канала связи) и проблему целостности (путем лишения противника возможности изменить сообщение так, чтобы изменился его смысл, или ввести ложную информацию в канал связи).

Программно-технические методы направлены на контроль компьютерных сущностей – оборудования, программ и/или данных, образуют последний и самый важный рубеж информационной безопасности. Напомним, что ущерб наносят в основном действия легальных пользователей, по отношению к которым процедурные регуляторы малоэффективны. Главные враги – некомпетентность и неаккуратность при выполнении служебных обязанностей, и только программно-технические меры способны им противостоять.

К методам информационной безопасности, характерным для мобильных платформ относят как встроенные средства безопасности мобильных устройств, так и программное обеспечение сторонних разработчиков.

Встроенные средства защиты – это средства, заложенные производителями в процессе разработки устройства. К ним относят блокировку экрана мобильного устройства, шифрование памяти устройства, внешней карты памяти, блокировку активации учетных записей [4].

Чаще всего используются превентивные методы защиты, такие как блокировка экрана мобильного устройства посредством PIN-кода, пароля доступа, подписи, рисунка, распознавания лица или голоса.

Шифрование памяти устройства может обеспечить сохранность данных пользователя, расположенных в памяти устройства.

Шифрование внешней карты обеспечивает надежную защиту данных на внешней SD-карте. Здесь могут храниться личные данные, текстовые файлы с информацией коммерческого или личного характера.

Таким образом, для того чтобы информационно-образовательная среда стала комплексной, защищенной, мобильной средой следует произвести все вышеописанные методы для реализации слияния семантической технологии Web 3.0 и защищенных информационных ресурсов образовательного характера, для качественного перехода к системе открытого имманентного образования.

Список использованной литературы:

1. Зенкина С.В. Информационно-коммуникационная среда, ориентированная на новые образовательные результаты [Текст] / С.В.Зенкина. - М., 2007.
2. Sakabayev A.A., Ualiyev N.S. Information security of mobile platforms - Международная научно-практическая конференция: «Наука сегодня: теоретические и практические аспекты». [Электронный ресурс]. – Россия, Москва: Издательство «Перо», 2015. – 615 с.
3. Уалиев Н.С., Серубай А.К. Современная информационно-образовательная среда на основе возможностей технологии Web 3.0-Журнал «ScienceTime» - №9 (21).-Казань, 2015
4. Сакабаев А.А., Уалиев Н.С. Угрозы безопасности мобильных платформ и практические пути их разрешения. - Журнал «ScienceTime» - №2 (14). - Казань, 2015

ӘОЖ 378.18:378.4
МРНТИ 14.01.85

К.З. Халықова¹

¹п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институтының профессоры, Алматы қ., Қазақстан

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ – БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МАМАНДАРЫН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада болашақ информатика мамандарын кәсіби даярлауда интерактивті оқыту әдістерін пайдалану мәселесі қарастырылады. Қазақстан Республикасында қабылданған нормативті құжаттардағы аталған мәселенің өзектілігі талданған. Жоғары оқу орындарында мамандар даярлауды жүзеге асыруда студенттердің интеллектуалдық деңгейін дамытудың маңыздылығы аталып көрсетілген және оған интерактивті оқыту әдістерін білім беру процесінде тиімді пайдаланған жағдайда қол жеткізуге болатындығы туралы айтылған. Болашақ информатика мамандарын даярлау процесінде оқытылатын арнайы және әдістемелік пәндерді оқытуда интерактивті кешенді тапсырмалар мен жаттығулар даярлап, оны оқыту процесіне енгізу маңыздылыққа ие екендігі аталып көрсетілген. Педагогтың инновациялық іс-әрекетке даярлығының негізгі белгілері келтірілген. Сондай-ақ, мақалада педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды үздіксіз даярлау процесінде интерактивті оқытуды жүзеге асыру және педагог мамандарды инновациялық оқыту технологияларды енгізуге даярлау тәжірибелері талданған.

Түйінді сөздер: интерактивті оқыту, инновациялық технологиялар, интерактивті өзара әрекеттесу, инновациялық іс-әрекет, болашақ информатика мамандарын даярлау процесі, студенттің мотивациялық-құндылық бағдары.

Аннотация
К.З. Халыкова¹

¹к.п.н., профессор Института Математики, физики и информатики при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ КАК СРЕДСТВА УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ИНФОРМАТИКОВ

В статье рассматривается использование интерактивных методов обучения в процессе профессиональной подготовки будущих специалистов информатиков. Проанализирована актуальность данного исследования в нормативных документах, принятых в Республике Казахстан. Указана сущность развития интеллектуального уровня студентов в реализации подготовки специалистов высших учебных заведений, уровень которого можно достигнуть в условиях эффективного использования интерактивного обучения в образовательном процессе. В этом процессе приобретает особую значимость подготовка и внедрение комплекса интерактивных заданий и упражнений в преподавании специальных и методических дисциплин. Приведены основные принципы готовности педагога к инновационной деятельности. А также в статье проанализирована практика реализации интерактивного обучения в процесс непрерывной подготовки будущих специалистов в высших учебных заведениях и подготовка педагогов к внедрению технологий инновационного обучения.

Ключевые слова: интерактивное обучение, инновационные технологии, интерактивное взаимодействие, инновационная деятельность, процесс подготовки будущих специалистов информатики, мотивационная ценностная ориентация студента

Abstract
Khalikova G.Z.¹

¹ Cand. Sci. (Pedagogical), Professor of the Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

INTERACTIVE TEACHING METHODS AS TOOLS OF IMPROVING THE PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE INFORMATICS SPECIALISTS

The usage of interactive teaching methods in the professional training process of future informatics specialists are considered in this article. The relevance of this research in normative documents that adopted in the Republic of Kazakhstan is analyzed. The essence of the development of the intellectual level of students in the implementation of the training of specialists in higher education is indicated, and this can be achieved in the context of the effectiveness use of interactive teaching in the educational process. Set of interactive tasks and exercises in the teaching process of special and methodical disciplines acquires special significance in the preparation and implementation process. The main principles of the teacher's readiness for innovative activity are given. Also, the article analyzes the practice of implementing interactive learning in the process of continuing training of future specialists in higher education institutions and training teachers for the introduction of innovative teaching technology.

Keywords: interactive training, innovative technologies, interactive interaction, innovative activity, the process of training future specialists in informatics, the motivational value orientation of student

Жоғары білім беру жүйесінің алдындағы тұрған маңызды міндеттердің бірі – болашақ мамандарға тек білімді меңгерту ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау іс-әрекетінің тәсілдерін түбегейлі өзгерту болып табылады. Мұндағы маңызды мәселе жоғары оқу орнында нені үйрететіндігінде емес, оны қалай үйрететіндігінде болып табылады. Дәл осы фактор студенттердің танымдық, интеллектуалдық, шығармашылық дамуына жол ашып, олардың кәсіби даярлығының қалыптасуына, болашақта өзінің әлеуметтік ортадатабысты маман ретінде орнығуын қамтамасыз етеді. Бұл мәселе жөнінде елімізде білім беру жүйесін дамытудың катализаторына айналған ақпараттандыру үдерісі мен білім беру саласына инновациялық технологияларды енгізудің негізгі бағыттары және идеялары, еліміздің тұрақты экономикалық дамуына негіз болатын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселелері Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік білім бағдарламасында, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасында, «Қазақстан – 2030» стратегиясында, 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарында, "Нұрлы Жол - Болашаққа бастар жол" (2014 ж.), "Қазақстан жаңа ауқымды шынайылықта: өсім, реформалар, даму" атты Ел Басы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауларында айрықша аталып көрсетілді.

Жоғары білім беру саласында: «...еңбек нарығының қажеттілігін, жеке тұлғаның, елдің индустриалды-инновациялық даму міндеттерін қанағаттандыратын және білім беру саласында әлемдік практикаға сәйкес білім берудің жоғарғы деңгейдегі сапасына қол жеткізу қажеттілігі» аталып көрсетілген [1].

"100 нақты қадам" атты Ұлт Жоспарының негізінде жасалған "Қазақстан Республикасында Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасында" [2] білім беру мен ғылымды ары қарай дамыту шаралары нақты белгіленген.

Жоғары оқу орнында табысты оқытуды жүзеге асыру үшін студенттің жалпы интеллектуалдық даму

деңгейі, дәлірек айтқанда, ақпаратты қабылдау деңгейі, оны талдай білуі, есте сақтау қабілеті, ойлау жүйесі, ынтасы мен зейіні, танымдық қызығушылығының ауқымы, белгілі бір логикалық әрекеттерді меңгеру деңгейі барынша жоғары болуы тиіс.

Бұл жоғары оқу орнының ұстаздарынан оқытуды барынша жаңа тәсілмен ұйымдастыруды талап етеді. Жоғары оқу орындарында білім берудің қазіргі жағдайында студенттердің құндылық бағдарының құрылымында айтарлықтай өзгерістер жасауға әкелетін оқыту әдістеріненгізуді талап етеді. Бұл білім алу сапасын арттыруды қамтамасыз етуді, кәсіби іскерлік пен дағдыларды қоғам тарапынан мамандар сапасына қойылатын талаптар деңгейінде қалыптастыруды жүзеге асыру интерактивті оқыту әдістері негізінде жүзеге асырылады. Оқытуды ұйымдастырудың бұл арнайы жаңа түрі оқытудың әртүрлі құралдары, әдістерімен тәсілдерін, оқытушы мен студенттердің өзара әрекеттесуінің жаңа тәсілдерін енгізуді ұсынады. Мұндағы негізгі ұғым оқыту тәсілі болып табылады, ол алынған ақпараттың адам үшін маңызды мәні бар білім болып қалыптасуын қамтамасыз ететін әрекеттер жиынтығы ретінде түсініледі. Интерактивті оқыту студенттердің педагогпен ауқымды өзара әрекеттесуінен ғана тұрмайды, сонымен бірге, олардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін қамтиды және оқыту процесіндегі олардың белсенділігі басымдыққа ие болады [3].

Аталған оқытушы мен студенттердің бірлескен іс-әрекетінің үш маңызды жағын атап көрсетуге болады:

- қарым-қатынас – біліммен, құндылықтармен және идеялармен алмасуда өзекті мәселе болып табылады, сонымен бірге, субъект пен субъектінің өзара әрекеттесуі, субъектілердің өзара әрекеттесуіндегі эмоционалдық күйлері де ерекше мәнге ие;

- интерактивті – білімді тиімді меңгеруді қамтамасыз ететін, оны практикалық іс-әрекетте сауатты қолдана білу іскерлігін, білімін жинақтап, соның негізінде жаңа білімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін барлық танымдық процесс түрлері белсенділікке ие болады;

- перцептивті – оқыту субъектілерінің бірін-бірі тануы және қабылдау процесі де маңызды, өйткені, осы процестер негізінде өзара түсіністік қалыптасады, бұл қоршаған ортамен өзара әрекеттесуде, кәсіби және басқару міндеттерін шешуде ерекше мәнге ие.

Интерактивті оқытудың тиімділігі оқытушы мен студенттердің арасындағы қаншалықты дұрыс өзара қарым-қатынастың орнатылғанына тәуелді. Сонымен бірге, белсенді оқыту әдістері мен педагогикалық технологиялардың қандай деңгейде пайдаланылғанына, әдістемелік материалдың қандай деңгейде даярланғанына, оларды жеткізу тәсілдерімен қаншалықты қамтамасыз етілгеніне, оқу процесіндегі кері байланыстың қаншалықты тиімді екендігіне тәуелді.

Бұл мәселенің тиімді шешімін табуы студенттің білімді өз бетімен алуын және өзінің оқу процесін өз бетімен басқарып, реттеуін қамтамасыз етеді. Осындай іс-әрекеттің нәтижесінде алынған білім маңызды құндылыққа айналады.

Сөйтіп, интерактивті оқыту – оқытушыдан аянбай еңбек етуді талап етеді және студенттің өз бетіндік, белсенді іс-әрекетіне жоғары талап қойылады. Бұл өз кезегінде, студенттің өзінің білімді меңгеру траекториясын құруына, кәсіби іс-әрекеті үшін оның мәнділігін түсінуіне және болашақта оны ары қарай қалай жалғастыруға болатынын түсінуіне мүмкіндік береді.

Аталған мәселені зерттеу жоғары оқу орнында болашақ информатика мамандарын даярлау процесінде оқытылатын арнайы және әдістемелік пәндерді оқытуда интерактивті кешенді тапсырмалар мен жаттығулар даярлап, оны оқыту процесіне енгізуді талап етті. Мұндай тапсырмаларды орындау нәтижесінде студент оқу материалын оқып, үйреніп, бекітіп қана қоймай, сонымен бірге, әрбір тұлғаның өзіндік дамуына және болашақта өзінің әлеуметтік ортадатабысты маман ретінде орнығуын қамтамасыз етуге қажетті жеке тұлғалық және кәсіби сипаттамалары да қалыптасады. Алынған зерттеу нәтижелері интерактивті режимде студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда маңызды өзгерістердің орын алғанын көрсетті.

Ең алдымен, студенттердің оқуға деген қызығушылығы артты және оқытушы мен студенттер арасында үлесімді өзара қарым-қатынас қалыптасты. Студенттер сабаққа ерекше ықыласпен қатынасып, өздерінің оқудағы жеткен жетістіктеріне ризашылық сезімпейда болды. Студенттер шағын жобалар жасап, оны қорғады, топпен жұмыс істеуге үйренді, топпен жұмыс істеу барысында бір-біріне көмек көрсету, өзара бақылау мен бағалау процесі маңыздылыққа ие болып, ынтымақтастыққа қол жетті. Ең маңызды мәселе, олардың болашақта кәсіби маман ретінде қалыптасып, дамуына қажетті сапалы білім алуға деген орнықты ұмтылысты ерекше атауға болады. Студенттердің оқу және әртүрлі іс-әрекеттері мен көзқарастарын ары қарай бақылау нәтижесінен олардың шешімін таппаған мәселелердің шешімін табуға дайын екендіктерін, оқыту процесінде пайда болған қиындықтардан теріс айналмай, оларды өз беттерімен

жеңуге болатынын және студенттік өмірде пайдаланылатын мәселелерді өз бетімен шешуге ұмтылғандары байқалды.

Студенттердің жоғары білім алуға айқын ұмтылысы, жақсы өмір сүруге, материалдық қамтамасыз етілуге көзқарас, әлеуметтенуге ұмтылыс, өмірлік жоспарларын құру олардың құндылық бағдарларының қалыптасқандығын, табысқа жетуге ұмтылысын, мақсат қоюға ұмтылу, өзбетінділік, қарым-қатынас жасай білу сынды әлеуметтік-психологиялық сапалардың қалыптасқандығын көрсетеді.

Интерактивті оқыту барысында қалыптасатын бұл құндылықтар мен қызығушылықтар жүйесі студенттің тәртібі мен іс-әрекетін реттеуде, олардың тұлға ретінде қалыптасып, дамуында үлкен мәнге ие және болашақта өзінің интеллектуалдық әлеуеті мен әлеуметтік белсенділігін көрсетіп, жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оқыту процесінде субъектілердің өзара әрекеттесу ерекшеліктерін сипаттайтын өнімді оқыту әдістерін іріктеу студенттермен өзара қарым-қатынасты ұйымдастыруда маңызды болып табылады. Егер педагогика тарихына көз жүгіртсек, оқыту мен тәрбиелеу процесінде терең зерттеуді талап ететін мәселелер жеткілікті. Олардың бірқатары туралы қалыптасқан белгілі көзқарастар мен пікірлер бар. Б.М. Кларин көрсеткеніндей, "қазіргі дидактикалық ізденістердің ішінен оқудағы талқылаулар ерекше орын алады. Оқытуды ұйымдастыру формасы мен оқу материалының мазмұнымен жұмыс істеу тәсілі бір-бірімен тығыз байланысты. Ол сындарлы ойлауды дамытып, демократиялық қоғам мәдениетіне баулиды" [4].

Қойылған жағдайларды бірлесе талқылау сынды мәселені шешуге барлық субъектілерді қатыстыра отырып, ұйымдастырылған өзара қарым-қатынас процесінде өнімді өзара әрекеттесу жүзеге асырылады. Мұнда белсенділік қатысушылардың тұлғалылығына емес, қарым-қатынасқа бағытталады. Қарым-қатынасты жүзеге асыру пән арқылы орындалады, ал пән ретінде адамзат қызметінің барлық саласындағы таным алынуы мүмкін. Тікелей қарым-қатынас арқылы студенттер мен оқытушының өнімді өзара әрекеттесуін ұйымдастыру үшін тікелей қарым-қатынасты ұйымдастырудың арнайы құралдары мен әдістері, педагогикалық өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың формалары мен кезеңдерін қамтитын арнайы технология пайдаланылды. Бұл оқыту процесін дәстүрлі әдіспен жүргізбей, оқытушы мен студенттің белсенді әрекеттесуі, оқу-танымдық іс-әрекеттің интенсивтендіру арқылы жүзеге асырылады. Осындай субъектінің белсенді іс-әрекетіне негізделіп құрылған оқыту нәтижесі оқу материалын тек механикалық түрде есте сақтап қана қоймай, сонымен бірге, оны түсініп, талдап, оған өзінің бағасын беріп, пікірін айтуға мүмкіндік береді. Сонымен, дәстүрлі әдістегі оқытушының монологы интерактивті оқытуда студенттер мен оқытушының белсенді тікелей қарым-қатынасына айналады.

Біздің зерттеуімізде интерактивті оқыту әдістері ретінде рольдік, іскерлік ойындар, жобалық әдіс, электрондық портфолио, интеллект-карта, нақты педагогикалық жағдайларды талдау сынды белсенді әдістер пайдаланылды [3], [5], [6], [7]. Мұндай тікелей өзара әрекеттесудің маңызды ерекшелігі студенттер мен педагогтардың "басқа рольді бірден қабылдауы", тікелей қарым-қатынас кезінде оны серіктесі қалай қабылдайтыны жөнінде көз алдына елесетіп, сол рольді ұйымдастырылған педагогикалық жағдай кезінде алып шығу үшін өзінің нақты орындайтын әрекеттерін талдап, анықтау болып табылады. Интерактивті өзара әрекеттесу оның өзара әрекеттесу жүйесін ұсынады: педагог тарапынан жоспарланған әрекеттер, ал студенттер тарапынан күтпеген жағдайлар, ал бұл жағдайлар олардың субъектілігін үйлесімді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл практикалық сабақтарда да "дөңгелек үстел", "педагогикалық кеңес" тәрізді формада табысты жүзеге асырылады.

Интерактивті өзара әрекеттесудің маңызды компоненттерінің бірі - оқыту құралдары болып табылады. Біздің жағдайда оқу-әдістемелік әдебиеттер мен электрондық оқу құралдары, интернет ресурстары мен компьютер, интерактивті тақта, арнайы пәндерге байланысты программалық құралдар пайдаланылды. Оларды пайдалану ерекшелігі оқыту формасына, студенттердің дербес ерекшелігіне, ақпаратты қабылдау және ойлау ерекшеліктеріне байланысты факторлармен анықталады.

Интерактивті оқыту әртүрлі технологияларды пайдалануды талап етеді: "оқытушы-студент" өзара әрекеттесу жүйесіндегі қатынастар типіне тәуелсіздік; студенттің ақпаратты қабылдауға даярлығы тәрізді қызығушылықтың болуы; оқыту процесінде студентте танымдық процестің барлық түрінің белсенділігі артады; оқу материалын студенттің өзіне қолайлы кез келген уақытта қайталау мүмкіндігі; білімді меңгеру тиімділігін қамтамасыз ететін студентке қолайлы жағдайда сабақты жүргізуді таңдау мүмкіндігі; оқу процесі кезінде студенттің танымдық белсенділігін арттыруды қамтамасыз ететін мәліметтер қорына кіру мүмкіндігі, студент өзінің оқу іс-әрекетінде дербес жұмыс істеу мүмкіндігі және т.б.

Интерактивті оқыту әдістерін оқыту процесіне енгізу педагогтан оны жүзеге асыру үшін сәйкес даярлықты талап етеді. Дәлірек айтқанда, арнайы кәсіби педагогикалық білімі бар, инновациялық педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырып, оны жүзеге асыруға бейім, педагогикалық процестің субъектілерін

жаңаша ойлай алатын жан-жақты дамыған сауаттыпедагог болуы тиіс. Жоғары оқу орнындағы педагогтың инновациялық оқыту технологияларын қолдануға бағытталған кәсіби педагогикалық білімін: оқыту технологияларының әдіснамалық негіздері, олардың жіктемесіне қарай әртүрлі тәсілдер мен оларған тән белгілердің маңыздылығы туралы мағлұмат ретінде қарастыруға болады. Сонымен бірге, жоғары оқу орындарында кредиттік технологиямен оқыту жағдайында инновациялық технологияларды жүзеге асырудың жолдары ретінде қарастырылады. Мұнда педагогтың кәсіби педагогикалық біліміндегі үш маңызды ерекшелікті атап көрсетуге болады: білімді түсіну, сыни тұрғыдан өңдеп, әрекет жасау.

Инновациялық оқыту технологиялары туралы білім практикалық іс-әрекет нәтижесінде түсініліп, білім ретінде алынатын болса, жеке тұлғаның өзіндік мұрасына айналады, практикада сауатты пайдаланылып, педагогтың қуатты әдістемелік құралына айналады. Дәл осындай білім ғана педагогқа әртүрлі оқу және танымдық есептерді шығаруға, ал студентке соның негізінде жаңа білім алуына мүмкіндік береді.

Педагог пен студенттің бірлескен іс-әрекетінің нәтижесінде білім жай ғана берілесалмайды, ол студенттің белсенді, өнімді іс-әрекетінің нәтижесінде алынады. Осындай бірлескен іс-әрекетті орындау процесінде студенттердің өзбетінділігі, оқуға деген ұмтылысы, белсенділігі артып дамиды, нәтижесінде студенттің дербес оқу траекториясы қалыптасады.

Инновациялық оқыту технологияларын пайдалану тек оқу процесінің белсенділігін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге, педагогтың кәсіби тұрғыдан дамуын, оның инновациялық іс-әрекетке даярлығы мен құзыреттіліктерін көрсететін кәсіби мәнді сапалар кешенінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Педагогтың инновациялық іс-әрекетке даярлығының негізгі белгілері ретінде:

- педагогикалық іс-әрекетте инновациялық технологияларды жүзеге асыруға мақсатты ұстанымының болуы; педагогтың іс-әрекетіндегі айқын инновациялық бағыттылық, дәлірек айтқанда, оқытудағы инновациялық процестердің мәнін түсіну, оқытудағы жаңа идеяларды, бағыттарды меңгеруге ұмтылу;

- инновациялық технологиялар, олардың бейімделуі мен жоғары оқу орнында жүзеге асырылу тәсілдері туралы білімінің тереңдігі мен кеңдігі; кәсіби педагогикалық іскерліктің қалыптасқандығы;

- инновациялық технологияларды қолдану туралы білімін ары қарай өз бетімен жетілдіруге қажетті рефлексивті көзқарастың дамуы.

Қазіргі уақытта инновациялық оқыту технологиялары көптеген елдердегі педагогикалық зерттеулердің құрамдас бөлігіне айналып отыр. Инновациялық оқыту технологияларының тек оқу мүмкіндіктері ғана емес, сонымен бірге, студенттің мотивациялық құндылық бағдарын дамытуға да елеулі үлесі бар екенін осы бағытта зерттеу жүргізген зерттеушілердің еңбектерінен көруге болады. Студенттің мотивациялық-құндылық бағдарының даму динамикасы жоғары оқу орнында сабақ беретін ұстаздың жеке тұлғалылығы мен оның пайдаланатын оқыту әдістерімен өзара тығыз байланысты. Білім беру жүйесінде интерактивті оқыту әдістері мен педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану студенттердің мотивациялық-құндылық бағдарының құрылымында айтарлықтай өзгерістің болатынына әкеледі және осы мотивациялық-құндылық бағдардың негізінде студенттің жеке тұлғалық сапалары қалыптасады.

Интерактивті оқыту – бұл студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытады. Оны жетілдіру ойлау әрекетінің белсенділігін арттырудан басталады, оның ең жоғарғы көрінісі – кез келген есепті шығармашылық тәсілмен шығаруға бейімделу болып табылады. Бұл студенттің шығармашылықпен ойлауын көрсетеді. Студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту әдістерінің бірі – топпен ойлауға арналған арнайы әдіс "миға шабуыл" деп аталады, мұның негізгі мәні мәселені шешуге топтың әсері болып табылады. Шығармашылық белсенділікті арттыруда мынадай төрт ережені ескеру қажет: ұсыныстар мен пікірлерге ешқандай сын айтылмауы тиіс; кез келген қауымдастық марапатталуы тиіс; ұсынылатын идеялар шектелмеуі тиіс; ұсынылған идеяларды өзгертіп, жетілдіруге рұқсат етілмеуі тиіс. Бұл әдістің негізіне сенімділік алынған, шығармашылық ойлау еркіндікті талап етеді, ойлауға ешқандай тыйым салынбауы тиіс. Осындай оқыту әдістері студенттерді тың да, тиімді ұсыныстар айта білуге үйретеді.

Болашақ информатика мамандарын инновациялық оқыту технологияларын меңгеруге және оны оқыту процесінде пайдалана білуге баулуда "Информатика пәнін оқыту әдістемесі" пәнінің алатын орны ерекше. Олай дейтін себебіміз, аталған пәннің мазмұнында оқыту әдістерінің ішінде интерактивті оқыту әдісіне, оның ішінде, болашақ маманды интерактивті оқыту іс-әрекетіне даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Лекция сабағында педагогтың инновациялық іс-әрекетке даярлығының кезеңдеріне жеңей-тегжейлі талдап, ал семинар, зертханалық сабақтарда студенттерді инновациялық технологияларды пайдалануға негізделген информатика пәнінен сабақтар топтамасын даярлап, оны ашық түрде қорғауға үйрету қажет. Қорытынды сабақты топтар немесе топша студенттерінің арасындағы жарыс сабағы түрінде де ұйымдастыруға болады. Студенттерді инновациялық технологияларды пайдалануға баулу бір пәннің шеңберімен шектелмеуі тиіс. Инновациялық технологияларды студенттер жақсы меңгеру үшін оларға оқытылатын пәндерді оқытуды ұйымдастыруда жоғары оқу орнының ұстаздары инновациялық технологияларды,

тіпті инновациялық оқыту элементтерін пайдалануы тиіс. Студенттер білімді инновациялық оқыту технологиясының негізінде алатын болса, оны практикада пайдалана білуге және инновациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқытуды өздері ұйымдастыруға бейім болады.

Сонымен қатар, магистратураның оқыту бағдарламасында инновациялық оқыту технологияларын үйретуге бағытталған курстар болуы тиіс. Мысалы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «6М011100-Информатика» мамандығы студенттерінің модульдік оқу бағдарламасы бойынша «Информатиканы оқытуда инновациялық құралдарды пайдаланудың әдістемелік негіздері» деп аталатын пән оқытылады. Пәнді оқытудың мақсаты – магистранттарда қазіргі мектептердегі инновациялық процестер, жеке тұлғаға бағдарланған тәсілге негізделген білім беру процесі туралы біртұтас болжамды қалыптастыру; білім беру жүйесінде өтіп жатқан инновациялық процестердің әдіснамалық негіздерімен, информатика пәнін оқытуда оларды тиімді жүзеге асыру жолдарымен таныстыру; болашақ информатика мұғалімінің инновациялық іс-әрекетке кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар: білім беру жүйесіндегі оқыту технологияларымен танысып, мектепте информатиканы оқыту үдерісіндегі пайдаланылып жүрген инновациялық технологияларға талдауды; оқушылардың ақпараттық және зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған сабақтар топтамасын даярлауды; «педагогтың инновациялық іс-әрекетке даярлығын бағалау» диагностикалық картасын жасап үйренеді.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, жоғары оқу орындарында инновациялық технологияларды жүзеге асыру педагогикалық білімнің болуын табап етеді. Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарында білім беруді жүзеге асыру кредиттік оқыту технологиясының негізінде жүзеге асырылатынын ескерсек, педагог кредиттік оқыту технологиясының мүмкіндіктері мен ережелеріне сай, инновациялық технологияларды өзінің оқу пәніне бейімдеп, енгізе білу іскерлігі болуы тиіс. Педагогтарды инновациялық технологияларды енгізуге даярлауды университет немесе институт көлемінде жүргізілетін әдістемелік семинарлар арқылы да жүзеге асыруға болады. Мұндай әдістемелік семинарлардың мақсаты педагогтардың, оның ішінде, жас мамандар, магистранттар мен докторанттардың инновациялық оқыту технологиялары туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету, оқытушы-педагогтардың озық тәжіриберімен бөлісу жәнатарату, жас мамандарды инновациялық оқыту технологияларын пайдалана білуге, оқытуды инновациялық тұрғыдан ұйымдастыруға баулу болып табылады. Инновациялық оқыту технологияларын білім беру жүйесіне енгізу жүйелі түрде ұйымдастырылған жағдайда ғана сапалы білім беруді жүзеге асырып, бүгінгі уақыт талабына сай мамандар даярлауға қол жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана: послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана Астана, от 27 января 2012 г.*
- 2. Қазақстан Республикасында Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы//Ақорда: Астана, 1 наурыз, 2016 ж.*
- 3. Халықова К.З. Оқыту процесіне инновациялық технологияларды енгізудің теориясы мен практикасы//Монография. Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2015. – 172 б.*
- 4. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике. - М.: Наука, 1997. - 223 с.*
- 5. Халикова К.З. Инновационные технологии в формировании интеллектуального потенциала будущего специалиста//VII Международная научно-практическая конференция «Информация и образование: границы коммуникаций»INFO'15. Горно-АлтайскийГосударственный университет(Республика Алтай). – 5-8 июль, 2015 г. Сборник научных трудов №7 (15) Стр.328-330.*
- 6. Халықова К.З. Информатика мамандарын кәсіби даярлау үдерісіндегі жобалық әдістің пайдаланылуы// Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы. № 2 (50), 2015.*
- 7. Халықова К.З. Студенттің интеллектуалдық әлеуетін дамытудағы интеллект-карта әдісінің алатын орны мен ролі// Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы. № 3 (55), 2016. - 189-193.*

ПАМЯТИ УЧЕНОГО

ДЖУБАЛИЕВА ПЕЛАГЕЯ АЛИПОВНА (11.10.1927 -12.10.2015)

Жизненный путь человека определяется не только прожитыми годами, но и тем временем, которое помнят о нем уже после его ухода. И чем значительнее личность человека, тем длиннее этот путь воспоминаний о нем.

Пелагея Алиповна родилась 11 октября 1927 года в селе Застенка Камызякского района Астраханской области. После окончания средней школы в 1946 году она поступает на физико-математический факультет Астраханского педагогического института им. Кирова. В 1948 году, после переезда в г. Алма-Ату, продолжает учебу на физическом отделении физико-математического факультета Казахского женского педагогического института.

В 1950 году, после окончания института, Пелагея Алиповна начинает свою трудовую деятельность сначала преподавателем математики в Володаровской средней школе Марфинского района Астраханской области, а затем преподавателем физики и математики в средней школе рабочего поселка Миргалымсай (ныне г. Кентау).

В 1957 году она приходит на работу преподавателем кафедры «Основ промышленного производства» Казахский Педагогический институт им. Абая, с которым в дальнейшем связана вся ее трудовая биография. В 1962 году Пелагея Алиповна поступает в очную аспирантуру с прикомандированием в лабораторию гелиотехники Московского государственного научно-исследовательского энергетического института им. Г.М.Кржижановского, а в 1966 году успешно защищает кандидатскую диссертацию на соискание ученой степени кандидата технических наук на тему: «Исследование солнечных опреснителей и выяснение возможности применения их на пустынных пастбищах Казахстана».

По возвращении из аспирантуры Пелагея Алиповна продолжает работать на кафедре теоретической физики. С 1967 по 1969 гг. работает в должности зав. кафедры общей физики, затем доцента кафедры теоретической физики, доцента кафедры методики преподавания физики и ТСО.

Наряду с педагогической деятельностью, читая лекции по всем разделам курса общей физики и осуществляя руководство педагогической практикой студентов, как методист по физике, Пелагея Алиповна продолжает активную научно-исследовательскую работу по проблеме «Использование солнечной энергии в народном хозяйстве Казахстана».

Начиная с 1970 года гелиогруппой, руководителем которой она являлась, выполнялись научно-исследовательские работы по договорам с Министерствами мелиорации и водного хозяйства КазССР, сельского и рыбного хозяйства, а также велись работы, предусмотренные заданиями координационного плана Государственного комитета СМ СССР по науке и технике по решению научно-технической проблемы: «0.01.-08.«Создать и внедрить в народное хозяйство высокоэффективные гелиотехнические установки для электро-, водо- и теплоснабжения автономных потребителей». Как председатель технической секции, заместителя председателя комитета по гелиотехнике, а в дальнейшем – председатель комитета по гелиотехнике, Джубалиева Пелагея Алиповна ведет работу по организации внедрения солнечных установок в народное хозяйство Казахстана.

В ходе исследования были получены и зарегистрированы авторские свидетельства на изобретение «Солнечных опреснителей», которые были использованы в «Гидроводхозе» СССР для проектирования опытно-промышленной солнечной опреснительной установки. По этим материалам опубликованы статьи:

- Джубалиева П.А., Абдуллина Н.Д., Пиньков А.Н. Об использовании тепла термальных вод в солнечных опреснительных установках в зимний период //Вопросы физики твердого тела и оптики. Тематический сборник научных трудов проф.-препод. состава высших учебных заведений Минпрос. КазССР. КазПИ им. Абая. – 1985. – С. 5-9.



- Джубалиева П.А. Роль гелиоэнергетики в политехническом, социально-экономическом и экологическом образовании учащихся на уроках физики // Совершенствование воспитательного и педагогического процесса: Пед.изыскания. Ч. 3. – Мин-во нар.образования КазССР, КазПИ им. Абая. – Алма-Ата, 1989. – С. 25-26.

Джубалиеву Пелагею Алиповну по праву можно назвать примером Ученого и Педагога с большой буквы. Ее бесспорный научный потенциал, в сочетании с фундаментальной подготовкой и ярко выраженной прикладной направленностью, а также огромный педагогический опыт, органично дополняемый доброжелательным, и в то же время принципиальным характером, заслужили почет и уважение среди коллег и студентов и оставили светлую память о ней на долгие годы.

Редколлегия

ДЛЯ ЗАМЕТОК